В работе исследуется послекритические деформации многослойной пластины, состоящей из жестких и мягких слоев регулярного строения. Нелинейные выражения для компонентов деформации как для жестких, так и для мягких слоев получены с использованием для смещений гипотезы о превращении нормали в ломаную. Найдено выражение для полной энергии слоистой пластины. Применяя принцип сглаживания получено вариационное уравнение.

The post-critical deformation of a multilayered plate consisting of regular structure hard and soft layers is researched in the article. Nonlinear expressions for deformation components both for hard and soft layers are obtained using the hypothesis of transformation of the normal into a broken line for displacements. The expression for the total energy of a layered plate is obtained. Applying the smoothing principle the variation equation is obtained.

Түйін сөздер: Қатпарлы пластинаның иілуінің сызықты емес теңдеуі
Ключевые слова: Нелинейные уравнения изгиба слоистых пластин
Keywords: Nonlinear equations of layered plate flexure

Рассмотрим послекритические деформации многослойной пластины длины 2a, толщины 2H, состоящей из жестких и мягких слоев толщины 2b и 2h соответственно, подверженной двустороннему сжатию. Жесткие слои подчиняются гипотезе Кирхгофа-Лява, а мягкие слои работают на поперечный сдвиг и обжатие. Соответствующие нелинейные выражения как для жестких, так и для мягких слоев получены с использованием для смещений гипотезы о превращении нормали в ломаную. (рис.1).

Стадия роста складчатости описывается на основе нелинейной теории. Нелинейные уравнения многослойных оболочек регулярного строения получили Э.И.Григолюк и П.П.Чулков [1], А.П.Прусаков [2]. Они выведены без учета поперечного обжатия мягких слоев. В работе Л.П.Помази [3] изучены послекритические деформации продольно сжатой упругой многослойной прямоугольной пластины с учетом поперечного обжатия слоев. Однако боковые границы этой пластины свободны от усилий.

Обратимся к выводу уравнений для нашей задачи. На основании гипотезы Кирхгофа-Лява перемещения $\overline{w_i}(x,z), \overline{u_i}(x,z)$ произвольных точек i–го жестокого слоя определяются по формулам, приведенным В.В.Новожиловым [4]:

$$\overline{w_i}(x,z) = w_i(x) - \zeta_i(1-\cos\theta_i),\ \overline{u_i}(x,z) = u_i(x) - \zeta_i(1-\sin\theta_i), \qquad (1)$$

где $\overline{w}_i(x), \overline{u}_i(x)$- вертикальное и горизонтальное перемещения точек срединной поверхности, θ_i -угол поворота нормали, $-b \le \zeta_i \le b$, i= 1, 2,…, n.

Тогда для деформации этого слоя имеем

$$\bar{\varepsilon}_{xi} = \varepsilon_{xi} + \zeta\varkappa_{xi}, \qquad (2)$$

$$\varepsilon_{xi} = \frac{du_i}{dx} + \frac{1}{2}\left(\frac{dw}{dx}\right)^2, \qquad \varkappa_{xi} = -\cos\theta_i \frac{d\theta_i}{dx} = -\frac{d\theta_i}{ds}, \tag{3}$$

где -длина дуги цилиндрической поверхности, в которую обращается срединная плоскость после деформации слоя. Деформация (2) пренебрежимо мала по сравнению с единицей, хотя при этом и нет ограничений на величину угла поворота нормали.



Рис.1. Послекритическая деформация мягкого слоя

Перейдем к мягким слоям. Выделим в плоскости *xoz* подобный слой (заштрихованный на рис.1).

В результате его деформации точки $M_1(x,z)$, $M_5(x,z++2h_1)$ переместятся в положения

$$M_1^*(x_1,z_1) = M_1^*(x+u_i, z+w_1),$$
$$M_5^*(x_5,z_5) = M_5^*(x+u_{i+1}, z+2h_1+w_{i+1}),$$

а точки $M_2(x,z+b)$, $M_4(x,z+2h_1-b)$ в положения

$$M_2^*(x_2,z_2) = M_2^*(x+u_i-b\sin\theta_i\,, z+w_i+b\cos\theta_i),$$
$$M_4^*(x_4,z_4) = M_4^*(x+u_{i+1}+b\sin\theta_{i+1}\,, z+2h_1+\ w_i-b\cos\theta_{i+1}).$$

Длину нормали M_2M_4 после деформации найдем на основе упомянутой о превращении нормали в ломаную:

$$|M_2^*M_4^*| =$$
$$= \sqrt{\{2h+w_{i+1}-w_i+b[(1-\cos\theta_{i+1})+(1-\cos\theta_i)]\}^2+[u_{i+1}-u_i+b(\sin\theta_{i+1}+\sin\theta_i)]^2} =$$
$$=2h\sqrt{\left[1+\frac{w_{i+1}-w_i}{2h}+\frac{b}{h}\left(\sin^2\frac{\theta_{i+1}}{2}+\sin^2\frac{\theta_i}{2}+\right)\right]^2+\left[\frac{u_{i+1}-u_i}{2h}+\frac{b}{2h}(\sin\theta_{i+1}+\sin\theta_i)\right]^2}.$$

Среднее относительное удлинение нормали будет: (4)

$$\varepsilon_{zi}^* = \frac{|M_2^*M_4^*|-M_2M_4}{|M_2M_4|}$$
$$= \sqrt{\left[1+\frac{w_{i+1}-w_i}{2h}+\frac{b}{h}\left(\sin^2\frac{\theta_{i+1}}{2}+\sin^2\frac{\theta_i}{2}+\right)\right]^2+\left[1+\frac{u_{i+1}-u_i}{2h}+\frac{2b}{h}(\sin^2\theta_{i+1}+\sin^2\theta_i)\right]^2}$$
$$-1.$$

Определим далее деформацию сдвига. Угол φ между прямой, проходящей через точки M_2^* и M_4^*, и касательной к срединной поверхности в точке $M_3^*(x_3,\ z_3)$ найдем по формуле

$$\cos\varphi = \frac{(z_4 - z_2)\sin\widetilde{\theta}_\iota + (x_4 - x_2)\cos\widetilde{\theta}_\iota}{|M_2^* M_4^*|},$$

где $\widetilde{\theta}_\iota$- угол наклона касательной к срединной поверхности мягкого слоя.

Обозначив уменьшение прямого угла, обусловленное деформацией сдвига, через γ_{xzi}, получим

$$\cos\varphi = \cos\left(\frac{\pi}{2} - \gamma_{xzi}\right) =$$

$$= \sin\gamma_{xzi} = [\frac{2h_1 + w_{i+1} - w_i - b(\cos\theta_{i+1} + \cos\theta_i)]\sin\widetilde{\theta}_\iota + [u_{i+1} - u_i + b(\sin\theta_{i+1} + \sin\theta_i)]\cos\widetilde{\theta}_\iota}{2h\,(1+\varepsilon_{zi}^*)} =$$

$$\frac{1}{1+\varepsilon_{zi}^*}\left\{\frac{h_1}{h}\sin\widetilde{\theta}_\iota + \frac{1}{2h}\left[(w_{i+1} - w_i)\sin\widetilde{\theta}_\iota + (u_{i+1} - u_i)\cos\widetilde{\theta}_\iota\right] + + \frac{b}{2h}\left[\sin\left(\theta_{i+1} - \widetilde{\theta}_\iota\right) + \sin\left(\theta_i - \widetilde{\theta}_\iota\right)\right]\right\}. \quad (5)$$

Полагая θ_i изменяющейся по толщине некомпетентного слоя по линейному закону, имеем

$$\tilde{\theta}_i = \frac{\theta_{i+1} - \theta_i}{2} + \frac{\tilde{\zeta}_\iota}{2h}(\theta_{i+1} - \theta_i), \left(-h \le \tilde{\zeta}_\iota \le h\right). \quad (6)$$

Если слои достаточно тонкие, то в этой формуле вторым членом можно пренебречь по сравненнию с первым. Тогда

$$\tilde{\theta}_i = \frac{\theta_{i+1} - \theta_i}{2}$$

Из формул (4) и (5) следует, что при больших углах поворота нормалей жестких слоев деформации в мягких слоях становится конечными. Решение задачи о конечных деформациях сопряжено с большими трудностями, поскольку соотношения, связывающие напряжения и деформации, содержат неизвестную функцию энергии деформации. Как отмечают А.Грин и Дж.Адкинс [5], эта функция имеет различный вид для разных матерaлов.

Мы будем пренебрегать в этих соотношениях относительными удлинениями, сдвигами и углами поворота по сравнению с единицей. Тогда, отбрасывая величины более высокого порядка малости, придем к выражениям для относительного удлинения и сдвига, связанным нелинейными зависимостями с конечной разностью и производными компонентов перемещения:

$$\varepsilon_{zi} = \frac{w_{i+1} - w_i}{2h} + \frac{(w_{i+1} - w_i)^2}{8h^2} + \frac{b}{4h}\left[\left(\frac{dw_{i+1}}{dx}\right)^2 + \left(\frac{dw_i}{dx}\right)^2\right] + \frac{b}{8h^2}\left(\frac{dw_{i+1}}{dx} + \frac{dw_i}{dx}\right)^2,$$

$$\gamma_{xzi} = \frac{1}{2h}\left[u_{i+1} - u_i + h_1\left(\frac{dw_{i+1}}{dx} + \frac{dw_i}{dx}\right) + \frac{1}{2}(w_{i+1} - w_i)\cdot\left(\frac{dw_{i+1}}{dx} + \frac{dw_i}{dx}\right)\right]. \quad (7)$$

Выпишем зависимость между напряженями и деформациями. При этом нормальное и касательное напряжения в мягком слое определяется по формулам:

$$\sigma_{zi} = E^*\varepsilon_{zi}, \tau_{xzi} = G_c\gamma_{xzi}, \quad (8)$$

где $E^* = \frac{2\bar{G}_c(1-v_c)}{1-2v_c}$, G_c- модуль сдвига мягкого слоя.

Продольное усилие и избегающий момент для мягкого слоя выражаются формулами:

$$N_{xi} = B\varepsilon_{xi}, \quad M_{xi} = D\varkappa_{xi}, \quad (9)$$

где $B = \frac{4bG}{1-v}$, $D = \frac{4b^3G}{3(1-v)}$.

Выражение для полной энергии слоистой пластины имеет вид:

$$Э = \sum_{i=1}^{n}(\bar{U}_\iota + V_i) + \sum_{i=1}^{n-1}\widetilde{U}_\iota, \quad (10)$$

где

$\bar{U}_\iota = \frac{1}{2}\int_0^{2a}(N_{xi}\varepsilon_{xi} + \sigma_{zi}\varkappa_{xi})\,dx$ - энергия деформации жесткого слоя,

$\bar{U}_\iota = h\int_0^{2a}(\tau_{xzi}\gamma_{xzi} + M_{xi}\varepsilon_{zi})\,dx$- энергия деформации мягкого слоя,

$V_i = -Pu_i|_{x=0}^{x=2a}$ -потенциал внешних сил, равный работе внешних сил, взятой с обратным знаком.

Состоянию равновесия соответствует минимум полной энергии системы. При этом первая вариация от полной энергии системы равна нулю:

$$\delta Э = \sum_{i=1}^{n}\left[\int_0^{2a}(N_{xi}\delta\varepsilon_{xi} + \quad M_{xi}\delta\varkappa_{xi})\,dx - P\delta u_i|_{x=0}^{x=2a}\right] + h_2\sum_{i=1}^{n-1}\int_0^{2a}(\tau_{xzi}\delta\gamma_{xzi} + \sigma_{zi}\delta\varepsilon_{zi})\,dx = 0 \qquad (11)$$

Применяя принцип сглаживания, заменяя конечные суммы по ***i*** интегралами по z (в пределах от 0 до 2H), конечные разности по ***i***-соответствующими дифференциалами по *z* и вводя безразмерные переменные

$\xi = \frac{x}{2h_1}$ и $\eta = \frac{z}{2h_1}$, придем к следующему вариационному уравнению:

$$\left[-h\int_0^{H/h_1}(N_x + P)\delta u\delta\eta\right]_{\xi=0}^{\xi=\frac{a}{h_1}} - -\left[\int_0^{H/h_1}\left(N_x\frac{\partial w}{\partial\xi} + \frac{\partial M_x}{\partial\xi} + 4h_1^2\tau_{xz} + 4h_1^2\tau_{xz}\frac{\partial w}{\partial\eta} + \frac{2h_1 b}{h}\sigma_z\frac{\partial w}{\partial\xi}\right)\delta w d\eta\right]_{\xi=0}^{\xi=\frac{a}{h_1}} + \left[\int_0^{H/h_1}M_x\delta\left(\frac{\partial w}{\partial\xi}\right)d\eta\right]_{\xi=0}^{\xi=\frac{a}{h_1}} + + \left[4h_1^2\int_0^{\frac{a}{h_1}}\tau_{xzi}\delta u d\xi\right]_{\eta=0}^{\eta=\frac{H}{h_1}} +$$

$$\left[\int_0^{\frac{a}{h_1}}\left(\tau_{xzi}\frac{\partial w}{\partial\xi} + \frac{2h_1^2}{h}\sigma_z\frac{\partial w}{\partial\eta} + 4h_1^2\sigma_z\right)\delta w d\xi\right]_{\eta=0}^{\eta=\frac{H}{h_1}} - \int_0^{\frac{a}{h_1}}\int_0^{H/h_1}\left(\frac{\partial N_x}{\partial\xi} + +2h_1\frac{\partial\tau_{xz}}{\partial\eta}\right)\left(2h_1\delta u + \frac{\partial w}{\partial\xi}\delta w\right)d\xi d\eta - \int_0^{\frac{a}{h_1}}\int_0^{a/h_1}\left[\frac{\partial^2 M_x}{\partial\xi^2} + 4h_1^2\frac{\partial\tau_{xz}}{\partial\xi} + 4h_1^2\frac{\partial\sigma_z}{\partial\eta} + N_x\frac{\partial^2 w}{\partial\xi^2} + 2h_1\tau_{xz}\frac{\partial^2 w}{\partial\xi\partial\eta} + \right.$$

$$\left. +2h_1\frac{\partial}{\partial\xi}\left(\tau_{xz}\frac{\partial w}{\partial\eta}\right) + \frac{2h_1 b}{h}\frac{\partial}{\partial\xi}\left(\sigma_z\frac{\partial w}{\partial\xi}\right) + \frac{2h_1^2}{h}\frac{\partial}{\partial\eta}\left(\sigma_z\frac{\partial w}{\partial\eta}\right)\right]\delta w\, d\xi d\eta = 0. \qquad (13)$$

1. Григолюк Э.И., Чулков П.П. Нелинейные уравнения пологих многослойных оболочек регулярного строения. –Механика твердого тела, Инженерный журнал, 1967, №1.
2. Прусаков А.П. Нелинейные уравнения изгиба пологих многослойных оболочек. – Прикладная математика, т.VII, вып.3, 1971.
3. Помази Л.П. Послекритические деформации многослойных пластин.-Изв. ВУЗов, машиностроение, 1966, №7.
4. Новожилов В.В. Основы нелинейной теории упругости. Л.-М., Гостехиздат, 1948.
5. Green A.E., Adkins J.E. Large Elastic Deformations and Non-Linear Continuum Mechanics. Oxford, ClarendonPress, 1960 (русский перевод: Грин А., Адкинс Дж. Большие упругие деформации и нелинейная механика сплошной среды. М., «Мир», 1965).

ӘОЖ 378.02:372851

Б.Р. Қасқатаева

ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ КУРСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Жоғары педагогикалық оқу орындарында математиканы оқытудың негізгі дидактикалық қағидалары құрылып негізделген. Оның құрамына болашақ мұғалімнің оқытудың инновациялық түрлерін меңгеру қағидасы мен оқытудың жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды меңгеру қағидасы енгізілген.

Разработаны и обоснованы основные дидактические принципы обучения математике в высших учебных заведениях. Введены принципы владения будущими учителями инновационными формами, методами и новыми педагогическими и информационными технологиями обучения математике.

Were developed and substantiated the basic didactic principles of teaching mathematics in higher educational institutions. Introduced the principles of the possession of the future teachers of innovative forms, methods and new pedagogical and information technologies of teaching of mathematics.

*Түйін сөздер:*Дидактикалыққағидалар, оқытудыңинновациялықтүрлеріменәдістері, қазіргіақпараттықтехнологиялар.

Ключевые слова: Дидактические принципы, инновационные формы и методы обучения, современные информационные технологии.

Keyword: Didactic principles, innovative forms and methods of training, modern information technologies.

Жоғары педагогикалық оқу орындарының тәжрибесінде, қандай курс болмасын, оқушылармен қарым-қатынасқа, оқытудың әдістері мен құралдарын таңдауға бірдей талап қойылады. Сондықтан педагогиканың дидактика деп аталатын бөлімінде барлық курстарды, оның ішінде математиканы оқытқанда қойылатын дидактикалық қағидалар зерттеліп дайындалған. Дегенмен, қоғам талабына сай білім беру парадигмасы өзгеруі, білім берудің мазмұны жаңаруына байланысты білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздерін жаңа тұрғыдан қарау қажеттігі туындайды. Осыған орай жоғары педагогикалық оқу орындарында математиканы оқытудың негізгі дидактикалық *қағидаларын құру қажетті мәселе болып отыр.*

Болашақ мұғалім тұлғасының қандай да ғылымды меңгеруі оның дүниетанымдық, қызығушылық, шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты болмақ. «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда» [1] оқытушы негізгі қағидаларға сүйенеді. Ондай оқытушы «принципшіл», адамгершілігі зор ұстаз ретінде құрметке бөленеді.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында математиканы оқытудың негізгі дидактикалық *қағидалары не үшін қажет деген сұрақ туындайды. Ол: 1)* жоғары математика курстарын оқыту мақсатын кеңейту үшін; 2) педагогикалық үдерісті тиімді жүргізудің ұстанымы ретінде; 3) болашақ математика мұғалімін кәсіби дайындау үшін; 4) оның мазмұнын, әдістерін, құралдарын, түрлерін және олардың арасындағы байланысты таңдап алу үшін; 5) математика мұғалімінің кәсіби құзырлылығын белгілі бір ережемен дамыту заңдылықтары ретінде қажет.

Оқу-тәрбие процесінде мектептің алдына қойылған белсенді, саналы, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеу және оқыту мақсаттарына сай жүргізетін математика мұғалімінің қызметіне де бірдей талаптар қойылады.

Болашақ математика мұғалімі математиканы оқыту әдістемесі жүйесінде төмендегідей дидактикалық қағидаларға сүйену керек екендігі белгілі:

1) математиканы оқытудың ғылыми қағидасы;
2) математиканы оқытудың дамыту және тәрбиелеу қағидасы;
3) математиканы оқытудың көрнекілік қағидасы;
4) математиканы оқытудың саналылық және белсенділік қағидалары;
5) білімді берік, орнықты меңгеру қағидасы;
6) математиканы оқытудың жүйелілік қағидасы;
7) математиканы оқытудың түсініктілік қағидасы және т.б.

Болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығын қалыптастырудың негізгі қағидаларын анықтау үшінМ.Н.Скаткиннің төмендегідей педагогикалық қағидалар жүйесі карастырылды:

– тәрбиелеу және дамыта оқыту;
– оқытуды өмірмен байланыстыру;
– жүйелі және біртіндеп оқыту;
– оқытушының жетекшілігімен саналы және белсенділікпен оқыту;
– ұжыммен оқыту және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
– көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту;
– оқытудың нәтижелілігі және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
– оқытудың ғылымилық және түсініктілік [2].

Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімі кәсіби дайындық үдерісінде:

1) мектеп математика курсының мазмұнын;
2) педагогикалық мәселелерді шешуді;
3) математиканы оқытудың әдістерін;
4) математиканы оқытудың тәсілдерін;
5) математиканы оқытудың инновациялық түрлерін;
6) математиканы оқытудың жаңа технологияларын;
7) математиканы оқытуда жаңа ақпараттық теле-қатынастық технологияларды және т.б. меңгерулері қажет.

Болашақ математика мұғалімі келтірілген талаптар жүйесін меңгеру үшін, олармен жоғары педагогикалық оқу орындарының білім беру стандартындағы педагогикалық, психологиялық, математикалық курстарды дидактикалық оқыту қағидалары бойынша оқыту арқылы теориялық және практикалық дайындық жүргізіледі.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасып, ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылдам дамып келе жатқан кезінде ақпараттық қоғам қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осыған орай, болашақ математика мұғалімін кәсіби дайындау педагогикалық қағидалары ретінде М.Н.Скаткиннің оқыту қағидалары толығымен алынып,оған студент тұлғасының дамуы үшін психологиялық жағдай жасау және математиканы оқытудың инновациялық түрлерін, жаңа технологияларын және білім беруді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық теле-қатынастық технологияларды меңгеру қағидалары қосылды.

Сонымен, жоғары педагогикалық оқу орындарындаматематикалық курстарды оқытудың негізгі дидактикалық *қағидалары былай сұрыпталды*:

1) болашақ математика мұғалімін тәрбиелеу және дамыта оқыту;
2) оқытуды өмірмен байланыстыру;
3) студенттерді жүйелі және біртіндеп оқыту;
4) оқытушының жетекшілігімен саналы және белсенділікпен оқыту;
5) студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру;
6) көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту;
7) оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту;
8) оқытудың ғылымилығы және түсініктілігі;
9) студент тұлғасының өзін-өзі дамуы үшін психологиялық жағдай жасау;
10) болашақ мұғалімдердің оқытудың инновациялық түрлерін меңгеру;
11) студенттің математиканы оқытудың жаңа педагогикалық және ақпараттық теле-қатынастық технологияларын меңгеру қағидасы [3].

Төменде жоғары педагогикалық оқу орындарындаматематикалық курстарды оқытудың дидактикалық қағидаларына түсініктеме берілді:

1) Болашақ математика мұғалімін тәрбиелеу және дамыта оқыту қағидасы студенттерге өмірге көзқарастарын, адамгершілік және кәсіби педагогикалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен әрбір студентті тұлға ретінде дамуының қажеттігін көрсетеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің байланысының объективті заңдылықтарына негізделген. Болашақ мұғалімдерді оқыту барысында тәрбиелеу нәтижесі, оқытудың студенттің дамуына әсері және бұл үдерістің бағыттылығы оқыту мақсаттарына, әдістеріне, ұйымдастуру түрлеріне және оқытушы тұлғасына байланысты. Дамыта оқыту қазіргі педагогикалық үдерістің негізгі және қажетті элементі. Математиканы оқыту үдерісінде дамыта оқыту, оқушылардың ақыл-ойын, өз бетімен нәтижелі ойлауын, интеллектісін дамыта отырып, оларды тәрбиелейді.

Педагогикалық, психологиялық,математикалық курстарды оқыту үдерісінде дамыта оқыту қағидасы студенттің болашақ мамандығына, математикаға ықыласын және оның математикалық қабілеттерін дамытуды жүзеге асырады.

Математикалық курстарды оқыту үдерісінде студенттердің диалектикалық-материалистік көзқарастарын қалыптастыруды мақсат қойып, жоспарлы түрде жүргізу барысында табиғи құбылыстар мен қоғам өміріндегі құбылыстарды дұрыс түсінулеріне бағыттап отыру керек.

Егер, математикалық курстарда студенттердің математикалық қабілеттері дамыса, білімдеріне жаңа білім қосылса, табандылығы мен тапқырлығы қалыптасса, онда студенттің дамығаны және тәрбиеленгені болып табылады.

Сонымен, педагогикалық, психологиялық,математикалық курстарда студенттердің білімге құштарлығын, болашақ мамандыққа қызығушылықтарын арттырып, алған білімдерін саналы меңгеруге, оны практикада қолдануға, өз бетімен толықтыруға және өздерін ұлттық тағылым қағидаларына, адамгершілікке сай тәртіпті, өнегелі ұстауларына тәрбиелеу тек кәсіби құзырлы оқытушының қолынан келеді.

2) Оқытуды өмірмен байланыстыру қағидасының негізі – таным теориясы. Оны оқытуда (мазмұнында, әдістерінде, ұйымдастуру түрлерінде) жүзеге асырудың психологиялық және педагогикалық маңызы зор. Таным теориясы болашақ мұғалімдердің өмірге көзқарастарын қалыптастырады, олардың санасында оқу іс-әрекетінің маңыздылығын арттырады және алған білімдерін практикада қолдануды қалыптастырады. Болашақ мұғалімнің жарқын тұлғасын өмірмен байланыстырып оқытудың маңызы зор. Оқытудың өмірмен байланыстыру қағидасында, оқытушы

педагогикалық, психологиялық,математикалық курстардың оқу материалын өмірмен байланыстырыпжүргізеді.

3) Оқытудың жүйелілік және біртіндеп оқыту қағидасы:

а) қарапайымнан күрделіге;

ә) көріністен ұғымға;

б) белгіліден белгісізге;

в) білімнен білікке, одан дағдыға көшуді білдіреді.

Оқытушы бұл қағиданы жүзеге асыру барысында жоғарыда келтірілген тізбектің әрқайсысы студенттердің алған білім мен біліктерін толықтыруға әсерін тигізеді.

4) Оқытушының жетекшілігімен саналы және белсенділікпен оқыту қағидалары. Жоғары педагогикалық оқу орындарының негізгі мақсаттарының бірі – саналы және белсенді тұлға қалыптастыру. Студенттерге педагогикалық, психологиялық,математикалық курстарда алған білімдерін саналы қабылдап, мағынасын түсініп, қолдана білулерін үйрету керек.

Белсенділік қағидасын жүзеге асыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

а) жаңа тақырыпты өткен материалмен байланыстыру;

ә) өтіліп отырған материалдың теориялық және практикалық мағынасын айқындау және оның білім жүйесінде алатын орнын көрсету;

б) жаңа тақырыптың қолданбалы жерлерін көрсету;

в) оқушыларды олардың өмір тәжірибесіне, интуициясына байланысты оқып-үйренуге жұмылдыру;

г) жаңа ұғымдарды моделдер және анимация көмегімен түсіндіру, яғни «қабылдау, түсіну» - «елестету» - «ұғым» баспалдағымен жұмыс жүргізеді;

д) оқытушы педагогикалық, психологиялық, математикалық курстарды оқыту үдерісінде студенттерді жаңа тақырыпқа қызықтыратын ұтымды әдіс қолданып, студент білімді өз бетімен алатындай, өзіне жаңалық ашатындай етіп сабақ ұйымдастырады.

5) Студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру қағидасы. Топтағы студенттерді бір ұжым ретінде барлық студенттердің белсенді жұмыс істеулерін тәрбиелеу қажеттігін білдіреді және әрбір студенттегі бұрыннан қалыптасқан жақсы қабілеттерін дамытып оқыту үшін оқу материалын және оқыту әдістерін әрбір студенттің жеке ерекшеліктеріне икемдеп жүргізіледі. Болашақ мұғалімдерді ұжымдық және жекелеп оқытуды ұтымды жүргізу оқыту мақсатына жетуге жағдай жасайды.

6) Көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту қағидасы. Көрнекілік оқушылардың жаңа материалды жақсы қабылдауына, мағынасын түсінуіне және оны талдап қорытуына әсер етеді. Сабақтың әр кезеңінде көрнекілік әр түрлі міндет атқарады. Оқушылар заттың сыртқы қасиеттерін зерттегенде, олар затты не оның кескінін жан-жақты қарау арқылы жаңа білім алады және теориялық ойлап белгілі бір теориялық тұжырымға келеді. Егер, дидактикалық мақсат заттың қасиеттерінің арасындағы байланыс пен қатынастарды айқындау, түсіну болса немесе ғылыми ұғымдарды қалыптастыру болса, онда көрнекілік тек сол байланыстарды түсінуге тірек болып, сол ұғымдарды нақты, көрнекі түрде кескіндейді және теориялық ойлауды дамытады.

Сонымен, заттың сыртқы көрінісінен немесе бейнесінен оның қасиеттерін зерттеп анықтауға болады және сол заттың қасиеттерінің арысындағы байланысты зерттеу арқылы теориялық ойлау арқылы жаңа ұғымды айқындауға болады.

Көрнекілік қағиданы жүзеге асыратын арнайы құрал-жабдықтар мен көрнекіліктерге: геометриялық фигуралардың моделдері, анимациялар, кестелер, диафильмдер және кинофильмдер жатады. Моделдердің кескіндері, кестелер, сызбалар мен суреттер проекциялық тетіктердің көмегімен көрсетіледі. Көптеген көрнекіліктер өндірісте дайындалады. Көрнекілік қолданудың рецепті жоқ. Мәселен, оқушыларды геометриялық жаңа ұғыммен таныстырғанда, аналитикалық геометрия сабақтарында студенттердің кеңістіктегі көзқарасын қалыптастыруға геометриялық фигуралардың моделдерін пайдаланған дұрыс. Кейінгі сабақтарда нақты көрнекіліктен абстрактілі көрнекілікке көшу керек. Онда геометриялық фигураның жазықтықтағы сызбасы қарастырылады.

Студенттер, зертханалық сабақтарда, есеп шығаруға байланысты көпжақтар, айналу денелері, макеттер және т.б. көрнекі құралдар жасайды.

Оқытушының көрнекі құралдар «номенклатурасында» қолдан жасалатын көрнекіліктер көп болады. Сонымен, математиканы оқытуда төмендегідей көрнекі құралдар және техникалық құрал жабдықтар (ТҚЖ) қолданылады: а) модельдер және макеттер; ә) кестелер; б) диапозитивтер (слайдтар), кодограммалар; в) диафильмдер; г) кинофильмдер; д) кодоскоп т.б.

Көрнекі құралдарға әр түрлі есептейтін және өлшейтін приборлар да жатады. Соңғы кезде компьютерді пайдаланып жаңа сабақ түсіндіру және компьютердің көмегімен оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеру мүмкіндіктері мол. Сондықтан жоғары педагогикалық оқу орындарында студенттерді компьютерлік технологияны қолдана білуге дайындаудың маңызы зор.

7) Оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуқағидасы. Оқытудың нәтижелілігі – студенттердің білімді берік, орнықты меңгеріп, оны баяндамаларды, рефераттарды, курстық және дипломдық жұмыстарды өз бетімен орындау үдерісінде қолдану және шығармашылық қабілетін дамытуды ұйымдастыру. Оқытудың заңдылығы және Педагогикалық жоғары оқу орнының мақсаты – орнықты, берік білім беру яғни болашақ мұғалімдердің алған білімдерін есте сақтап, шығармашылық қабілетін дамыта алатындай және практикада қолдана алатындай етіп оқыту.

Оқыту үдерісінде студенттер тек жаңа білім, білік, дағдыға ие болып қана қоймай, оларды бекітеді, нығайтады және толықтырады. Оқытудың нәтижелілігі және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту қағидасын жүзеге асыру үшін оқытушы: а) өтілген материалды қайталауды ұйымдастырады; ә) студенттердің білімі мен біліктерін мезгілінде тексеріп, кемшілігін толықтырып отырады; б) студенттерге берілетін есептер мен жаттығулардың жүйелілігіне көңіл аударады; в) студенттердің жауабы айқын және қысқа болуын дағдыландырады; г) өздігімен жұмыстар ұйымдастырады және т.б.

8) Математиканы оқытудың ғылымилық және түсініктілік қағидасы. Математиканы оқытудың ғылыми қағидасы математиканы оқытудың мазмұны мен оны оқыту әдістері қазіргі жағдайдағы математика ғылымының деңгейі мен талаптарына, міндетті түрде, сай келуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, оқытудың ғылымилығы, студенттердің санасына қазіргі уақытта ғылыми деп танылған деректер мен ұғымдарды қалыптастыру деп білеміз. Математиканы оқыту үдерісінде ғылымилық қағида әрдайым қатысады. Оқытушы, математикалық ұғымдарға дәл анықтама бергенде, студенттерден анықтама мен теореманы ажырата білулерін талап еткенде, белгілі бір тұжырымды толық дәлелдеуге үйретуде ғылыми қағидаға сүйенеді. Математиканы оқытудың түсініктілік қағидасында оқушылардың жас айырмашылығы мен ерекшеліктері ескеріледі. Өтілетін материал мазмұны мен көлемі жағынан «қол жетерліктей» түсінікті болу керек. Қолданылатын әдістер студенттерді өз қабілеттеріне сенетіндей және оны дамытатындай болу қажет.

9) Студент тұлғасының өзін-өзі дамытуы *үшін психологиялық* жағдай жасау қағидасы болашақ мұғалімді кәсіби дайындауда оның болашақ мамандығын жоғары деңгейде меңгеруіне психологиялық дайындығын қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалім

жоғары педагогикалық университет қабырғасында жасалған психологиялық жағдайда өзін-өзі дамыту құралдарын меңгерсе, өзінің келешекте педагогикалық даму жолын жоспарлай алады.

10) Болашақ мұғалімнің оқытудыңинновациялық түрлерін меңгеру қағидасы болашақ мұғалімдерді оқытудың дәстүрлі түрлерін жаңа мазмұнмен және оқытудың инновациялық түрлерін қолданудың қажеттігін көрсетеді. Математиканы оқытуда ақпараттық теле-қатынастық технологиялар (АТТ) қолданылуына байланысты оқытудың жаңа түрі – қашықтықтан оқыту түрі енгізілді. Бұрыннан белгілі зертханалық сабақты электрондық оқулықтың көмегімен жүргізу, яғни оқытудың дәстүрлі түріне жаңа мағына бергенде ол инновациялық оқытудың бір түріне айналады. Проблемалық практикалық сабақты интерактивті тақтада жүргізу де оқытудың инновациялық түрі.

Мәселен, интернет қорында 5-7 сынып оқушыларына информатика мен математиканы қашықтықтан оқыту «Дамытатын вариативті информатика және математика» элективті курстың бағдарламасы берілген. Курстың мақсаты мен міндеттері: оқушылардың математика мен информатикаға қызығушылықтарын дамыту; математикалық қабілеттері мен АТТ құзырлылығын айқындау және дамыту; нақты математикалық біліммен және АТТ-мен қаруландыру; алгебра, геометрия, информатика курстарын саналы меңгеруді және әр түрлі есептерді математикалық және ақпараттық тілге аудара білуді үйрету; математикалық талдаулардың әсемдігін және олардың практикада қолданысын көрсету; информатикаға, математика және физикаға байланысты мамандықтарға бағдарлау және оқушының жалпы мәдениетін қалыптастыру.

11) Студенттің оқытудың жаңа педагогикалық және ақпараттық теле-қатынастық технологияларды меңгеру қағидасы қазіргі күні ақпараттық білім берудің жаңа сатысы – ақпараттық теле-қатынастық технологияларды қолданудың рөліне байланысты. Болашақ маманға қажет білім көлемі күннен күнге артып отыр. Бұрыннан белгілі оқытудың дәстүрлі тәсілдері мен әдістері жоғары дәрежелі кәсіби маман дайындауда жеткіліксіз болды. Бүгінгі күні математиканы оқытудың жаңа технологияларын және есептеу техникасын тиімді қолдану мемлекеттік мән алып отыр.

Оқытудың жаңа технологияларын және АТТ-ны меңгеру қағидасы болашақ мұғалімдерді жаңа технологияларды және қазіргі есептеу техникасын қолдана білетін біліммен және іскерлікпен қаруландыру қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты математика мұғалімін кәсіби дайындауда оның жаңа технологияны және АТТ-ны қолдану біліктілігін қалыптастыру жұмысы жаңа қарқынмен жүзеге асыру қажет. Білімге АТТ-ны енгізу адамзаттың ғасырлар бойы жинаған білімі мен технологиялық және әлеуметтік тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа, адамнан адамға беруді тездетеді. Оқытудың жаңа технологиялары және АТТ білім мен оқытудың сапасын жақсартып, адамды қоршаған ортаға, әлеуметтік өзгерістерге тез және табысты икемденуге жағдай туғызады. Әрбір адам қажетті білімді бүгін алуына болады. 050109- «Математика» мамандығы бойынша оқу жоспарларын және жұмыс бағдарламаларын талдау арқылы болашақ математика мұғалімінің әдістемелік дайындығы негізінен «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Математиканы оқытудың жаңа технологиялары» т.б. арнайы курстарында жүргізіледі.

Сонымен, оқытудың жаңа технологиялары мен АТТ -ны білімге тиімді және батыл енгізгенде, АҚ мен қазіргі қоғамның талаптары бойынша жүргізіліп жатқан дәстүрлі білім жүйесін реформалау үдерісіне сай, білім жүйесін құруға болады.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы. http://www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf

2. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований.−М., 1986. – 220 с.
3. Қасқатаева Б.Р. Болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік құзырлығын қалыптастыру: Монография. – Алматы, 2009. - 344 б.

ӘОЖ 37.016.026:514 (574)

Б.Р. Қасқатаева, М.Б. Байбосынова

ОРТА МЕКТЕП ПЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯ КУРСТАРЫНЫҢ МАЗМҰН САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Алматы қ, Абай атындағы ҚазҰПУ)

Барлық математикалық пәндердің ішінде, геометрия, сезу мен кеңістікті елестетуді және түсінікті дамытуға, ал оның негізінде жеке тұлғаның логикалық ойлауының, шығармашылық қабілетінің дамуына көбірек ықпал етеді деп толық сеніммен айтуға болады. Сезу мен елестету кез келген шығармашылықтың негізі болып табылады.

В статье рассматривается проблема преемственности содержания курсов геометрии школ и педвузов. Рассмотрена оснавная цель обучения геометрии. Рассказывается о роли реализации обучения геометрии в условиях преемственности в развитии логического мышления, воображения пространства и творческой способности. Сравнивается реализация преемственности некоторых тем школьной и аналитической геометрии.

The article considers the problem of continuity of the course content geometry of schools and pedagogical Universities. Provides the basic purpose of the teaching of geometry. Expressed the role of the implemented training geometry in the conditions of continuity in the development of logical thinking, the imagination of the space and creative ability. Compared implement continuity of some of the school geometry’s theme in analytic geometry.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерге оқытылатын арнайы математикалық пәндердің ішінде геометрияның орны ерекше. Мұндағы негізгі ерекшелік – орта мектептің геометрия курсының мазмұнымен байланыс, бұл орта мектеп пен жоғары оқу орнының сабақтастығын жүзеге асыру қажеттігін анықтайды.

Жоғары оқу орнында мазмұны жағынан, ұйымдастыру формаларымен және оқыту әдістерімен, қатал талаптармен, оқу материалының көлемінің артуымен мектеп бағдарламасынан өзгеше болып келетін оқу-тәрбие жұмысының жаңа жүйесінде көптеген студенттер оқуда белгілі қиындықтардан өтеді. Орта мектеп пен жоғары оқу орнының оқыту үрдістерінің айырмашылығы олардың арасындағы сабақтастықты оқытушы айқын көрсетіп отырғаны абзал.

Орта мектеп пен жоғары оқу орнының арасындағы сабақтастықты жоғары оқу орнындағы геометриялық курстың арнайы міндеттері мен олардың жалпы білім беру сипаттамасы арасында сәйкестік орнату әдісі ретінде қарастыруға болады.

Геометрияны оқыту теориясы мен әдістемесіндегі мазмұндық және ұйымдастырушылық аспектілерінің жиынтығы негізіндегі сабақтастық мәселесін шешетін зерттеулер жеткіліксіз.

Геометрияны оқытудың басты мақсаты кеңістікте ойлауды және елестетуді дамыту, «геометриялық елес немесе геометриялық интуиция математиканың барлық бөлімдері бойынша зерттеу жұмыстарында үлкен орын алады» [1].

Негізінен оқушыларда кеңістікті елестету геометрияны оқып үйренудің бастауы. «Геометрияны оқып-үйрену кезіндегі қисынды ойлауды дамыту – бұл салыстыру, қатынастарды жалпылау, ұғымдарды анықтау, индукция жолымен қорыту, дедукция жолымен пайымдау тәрізді біліктерін дамыту» [2].

Оқушылардың кеңістікті елестетуін дамытуды күшейту үшін геометрияны оқытудың әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдану қажет. Соның ішінде негізгі мектепте планиметрияны оқып білуде оқушылар барлық сызбаларды дұрыс орындай алуы: алдымен – қарапайым, сонан соң – күрделірек, берілген сұрақтың жауабын табуда сызбалардың элементтері арасындағы қатынастарды ұғынуы қажет. Стереометрия курсын оқыту оның логикалық жүйесін ескере отырып құрылады: аксиомалардан теоремаларға келеміз, ал аксиомалар мен теоремаларды пайдалана отырып есептерді шығарамыз.

Ж.М.Есмұқанов еңбектерінде сызба геометриядағы кеңістіктік елестетулер арқылы сызбалар жүргізу және оларды құрылыста, машиналарды жобалауда және түрлі практикалық жұмыстарда маңыздылығына тоқталған [3].

Сызба жұмыстарының екі жақты әсері бар: біріншіден – көрнекі-бейнесін, екіншіден – логикалық ойлауын дамыту. Орта мектеп геометриясы мен аналитикалық геометрия курстарының мазмұн сабақтастығын жүзеге асыра отырып, геометрияны оқытуда оқушылардың абстракциялық ойлау қабілеттері дамиды. Шынында, «математика абстрактылы ғылым болғандықтан, абстракциялық ойлау үрдісіне үйретпей оқушылардың математикалық қабілетін де қалыптастыра алмаймыз» [4].

Орта мектеп математика курсының бағдарламасына сәйкес стереометрия курсын оқытудың мазмұны оқулықтарда әр түрлі берілгенімен оқытудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) кеңістік түсініктерін қалыптастыру және дамыту;
2) стереометрияның логикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан түсінуін қалыптастыру;
3) классикалық геометрия мен қазіргі заманғы геометрия жетістіктерінің қолданбалы аппараттары мен практикалық қолданылу мүмкіндіктерімен таныстыру.

Мұнда барлық қағидалар планиметриядағыдай аксиомалар мен негізгі ұғымдардан басталады, солардың ішінде жаңа геометриялық бейне – жазықтық бар. Кеңістіктегі жазықтықтың негізгі қасиеттері С1-С3 үш аксиомамен берілген, оларды хабарлау алдында планиметрия аксиомалары еске түсіріледі. Аксиомаларды қарастырғаннан кейін олардың салдарлары беріледі. Стереометрия аксиомаларын оқыту планиметриядағымен ұқсас. Бірақ мына түсініктерге баса назар аудару керек: «жазықтықтағы нүкте» және «кеңістіктегі нүкте», «жазықтықтағы түзу» және «кеңістіктегі түзу» және әсіресе «кеңістіктегі жазықтық».

Айналу денелерінің ішінде шар (сфера) ерекше орын алады. Шар және оның бөліктерін оқыған кезде ғана оқушылар шеңбер мен дөңгелек туралы планиметрия курсынан және мектептегі басқа да пәндерден (сызу, география, астрономия т.б.) білімдерін пайдалануға толық мүмкіндік алады. Осыған байланысты мұғалімнің негізгі міндетті, қажетті тұжырымдарды оқушылардың өздері айтатындай оқу процесін ұйымдастыру болып табылады.

Шар мен сфераның цилиндр мен конус ұғымдарынан ерекшелігі олардың дөңгелек пен шеңбердің кеңістіктегі түрі ретінде баяндалуы. Шар берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық емес қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын дене ретінде анықталады. Сфера шар беті ретінде анықталады.

Алынбалы модельде шар элементтері көрсетіледі: центрі, радиусы, диаметрі, шардың диаметральды қарама-қарсы нүктелері. Шардың (сфераның) негізгі элементтерін кескіндеуге бірнеше жаттығу орындатып жіберу керек. Шардың жарты дөңгелектің диаметрінен осі ретінде айналғанда шығатынын оқушылар қиындықсыз меңгереді.

Шардың жазықтықпен қимасының формасын және өлшемдерін қарастырмастан бұрын түзу мен дөңгелектің (шеңбердің) өзара орналасуын шармен (сферамен) жазықтықтың өзара орналасуына сәйкес еске түсіру керек.

Шардың жазықтықпен қимасын қарастырғанда алдымен жазықтықтың шар бетімен (сферамен) қиылысуын қарастырған орынды. Бұл қиылысудың шеңбер болатындығын және оның центрі сфера центрінен қиюшы жазықтыққа жүргізілген перпендикулярда болатындығын, ал радиусы $r = \sqrt{R^2 - H^2}$ анықтау қиынға соқпайды, мұнда R– сфера радиусы, H – сфера центрінен қиюшы жазықтыққа дейінгі қашықтық. Осыдан кейін шар мен қиюшы жазықтықтың ортақ нүктелері ретінде дөңгелек, ал оның шекарасы жоғарыда алынған шеңбер болатындығы алынады [5].

Ал 11 сыныптың геометрия оқулығында бұл материал «Шар» тақырыбымен кеңейтіліп сабақтасады. Мұнда планиметрия мен стереометрия курстарының арасында сабақтастық орнайды.

Ал жоғары оқу орнында орта мектептің геометрия курсының мазмұн сабақтастығын қамтамасыз етуде «Шеңбер», «Шар» тақырыптары «Екінші ретті беттер» атты тараумен жалғасады. Ол төмендегіше баяндалған.

Аналитикалық геометрияда бірінші ретті және екінші ретті беттер зерттеледі. Бірінші реті беттер дегеніміз – жазықтықтар.

Екінші ретті беттер деп, координаталар жүйесіндеекінші дәрежелі теңдеулермен кескінделетін беттерді айтамыз.

Екінші ретті беттің жалпы теңдеуі былай жазылады: $F(x,y,z)=0$. Бұл x,y,z-ке тәуелді функция. Оның коэффициенттері нақты, бүтін рационалды болады. Мұндай функция алгебралық функция деп аталады.

Екінші ретті беттер физикада, механикада, архитектурада, астрономияда т.б. пәндерде жиі кездеседі.

Екінші ретті беттер теориясы және оның тәжірибе жүзінде қолданылуы ғылым мен тұрмыста кең орын алады.

Орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарындағы геометриялық курстарының мазмұн сабақтастығын қамтамасыз ету әдістемесіне мысал келтірейік.

Мектеп пен жоғары оқу орнында шеңбер мен шарды, сфераны оқытудағы өзара сабақтастық төменде көрсетілген кестелер бойынша жүзеге асады (1, 2, 3, 4-кестелер).

1-кесте–Шеңбер және дөңгелек

7 сынып	
Анықтама	О нүктесінен R қашықтықта орналасқан жазықтықтың барлық нүктелерінен тұратын фигура, центрі О және радиусы R болатын *шеңбер* деп аталады
	О нүктесінен R радиустан артпайтын қашықтықта орналасқан жазықтықтың барлық нүктелерінен тұратын фигура центрі О, радиусы R болатын *дөңгелек* деп аталады
Элементтері – ортақ	Центр, радиус, диаметр, хорда, сектор, сегмент, доға

2-кесте–Шеңбердің теңдеуі

8 сынып	
Центрі $A_0(a;b)$, радиусыR элементтері мен анықтаманы	$(x\text{-}a)^2+(y\text{-}b)^2=R^2$

пайдаланып, шеңбердің теңдеуінқорытып шығарамыз	

3-кесте–Шар және сфера

11 сынып	
Анықтама	*Шар* деп берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық емес қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын денені атайды.
	Шардың шекарасы *шардың беті* немесе *сфера* деп аталады
Элементтері шеңбер элементтерімен ортақ	Центр, радиус, диаметр

4-кесте –Жоғары оқу орны – Аналитикалық геометрия курсы

«Сфера» – екінші ретті бет	
Анықтама	Берілген нүктеден әрқашанда бірдей қашықтықта жататын кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орындарын *сфералық* немесе *шарбеті* дейміз
Сфера теңдеуінің қорытылуы – шеңберге ұқсас	$(x-a)^2+(y-b)^2+(z-c)^2=R^2$ немесе $x^2+y^2+z^2+Ax+By+Cz+D=0$

Сонымен, орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарындағы геометриялық курстарының мазмұн сабақтастығын жүзеге асыруда оқушылардың жоғары дәрежеде ойлау қабілетін талап ететін нақты геометриялық мәліметтерге, есептерді шығару әдістеріне назар аударып отыру қажет.

1. Колмогоров А.Н. О профессии математики. – Издательство МГУ. – 1959. – 10-б.
2. Руденко В.Н. Взаимосвязь домашнего задания с изучением нового материала //Математика в школе. – 1981. – №4. – 11-13 б.
3. ЕсмұқановЖ.М. Сызба геометрия. – Алматы. – 1968. – 266-б.
4. Есмұқанов М.Е. Оқушылардың математикалық білімін қалыптастыруды және ойлау қабілеттерін дамытуды құрылымдаудың дидактикалық негіздері. Автоф. дисс... п.ғ.д. – Алматы. – 1999. – 42-б.
5. К.О.Бүкүбаева, А.Т.Миразова, Қ.Ж.Ағанина. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы. – «Атамұра». – 2003. – 104-б.

ӘОЖ 378.016.02:519.6

М. Құлбекұлы, Г. Омашан∗

ЖЫЛУТАСЫМАЛДАУ ҮДЕРІСТЕРІН САНДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҮЛГІЛЕП ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ФИЗИКАЛЫҚ ПРАКТИКУМ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, ∗-магистрант)

Бұрыңғы жарияланған ғылыми-әдістемелік мақалаларда [1,2] тасымалдау үдерістерін, есептеу тәжірибелерін компьютер көмегімен жүргізу арқылы зерттеуге арналған физикалық практикумды әзірлеп жүргізудің негізгі принциптері мен ғылыми- әдістемелік мәселелері баяндалған болатын. Бұл жұмыста жылутасымалдау үдерістерінің динамикасын сандық тұрғыдан үлгілеп зерттеуге арналған физикалық практикум ұсынылып отыр. Осыған орай классикалық сипаттағы үлгілердегі стационар емес жылуөткізгіштік теңдеуі қарастырылып отыр. Жұмыстың басында физикалық практикумның мақсаты берілген. Содан кейін қысқаша қарастырылатын сұрақтың теориясы келтірілген. Мұнда әртүрлі шарттардағы жылутасымалдау үдерістерінің математикалық моделдері қарастырылған. Компьютерлік бағдарламыны құрудың алгортимі болып табылатын анық және анық емес айырымдық схемалары берілген. Зертханалық жұмысты жүргізудің әдіс-тәсілдері мен мысалы келтірілген. Мұнда мысал ретінде бірөлшемді үдеріс шарттары және пластина пішіндегі кварц шынысы –үлгілеріндегі стационар емес жылуөткізгіштік динамикасын зерттеудің есептеу тәжірибелерінің нәтижелері келтірілген. Жұмыстың соңында берілген физикалық практикумның жүргізу тәртібі мен реті берілді. -

В ране опубликованных работах [1,2] были приведены общие принципы и научно-методические аспекты разработки лабораторных работ по исследованию процессов переноса с помощью вычислительных экспериментов. В данной работе предложен вычислительный физический практикум по исследованию процессов теплопереноса. При этом рассматривается нестационарная теплопроводность в модельных образцах классической формы. В начале работы приведена цель физического практикума. Затем в краткой форме изложена теория вопроса. Здесь приведены математические модели процессов теплопереноса при различных условиях. Приведены явная и неявная разностные схемы уравнения теплопроводности, которые служат алгоритмом задачи для составления компьютерной программы. Изложены методика проведения лабораторной работы и пример ее выполнения. Здесь в качестве примера приведены условия однозначности процесса и результаты вычислительных экспериментов по исследованию динамики нестационарной теплопроводности в образцах - пластинах из кварцевого стекла. В конце работы приведен порядок выполнения предложенного физического практикума.

The general principles and scientific and methodical aspects of development of laboratory works on research of processes of transfer were given in a wound the published works [1,2] by means of computing experiments. In this work the computing physical workshop on research of processes of heat transfer is offered. Non-stationary heat conductivity in model samples of a classical form is thus considered. At the beginning of work the purpose of a physical practical work is given. Then in a short form the question theory is stated. Here mathematical models of processes of heat transfer are given under various conditions. Obvious and implicit differential schemes of the equation of heat conductivity which serve as algorithm of a task for drawing up the computer program are provided. The technique of carrying out laboratory work and example of its performance are stated. Here as an example conditions of unambiguity of process and results of computing experiments on research of dynamics of non-stationary heat conductivity are given in samples - plates from quartz glass. At the end of work the order of performance of the offered physical practical work is given.

Бұдан бұрыңғы жарияланған ғылыми-әдістемелік мақалаларда [1,2] тасымалдау үдерістерін, есептеу тәжірибелерін компьютер көмегімен жүргізу арқылы зерттеуге арналған физикалық практикумды әзірлеп жүргізудің негізгі принциптері мен ғылыми-әдістемелік мәселелері баяндалған болатын. Бұл жұмыста жылутасымалдау үдерістерінің динамикасын сандық тұрғыдан үлгілеп зерттеуге арналған физикалық практикум ұсынылып отыр.

Физикалық практикумның мақсаты. Стационарлық емес жағдайда жүретін жылутасымалдау үдерістерін сандық тұрғыдан үлгілеп, белгілі нақтылық шарттар жағдайында жан-жақты зерттеу. Компьютер көмегімен есептеу тәжірибелерін жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйреніп меңгеру. Алынған есептеу тәжірибелерінің нәтижелерін қортындылап талдау арқылы жылутасымалдау үдерістерінің теориялық және практикалық мәнін түсіну.

Қысқаша теориялық мәліметтер. Табиғатта, техникада және технологияда жылутасымалдау үдерістері кеңінен орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мұндай құбылыстардың кездеспейтін жері мүлде жоқ деуге болады. Сондықтан әртүрлі жағдайларда жылутасымалдау үдерістерін жан-жақты зерттеудің ғылым мен техникадағы мәні зор. Бұл құбылыстарды зерттеуде негізінен теориялық (аналитикалық) және тәжірибелік әдіс-тәсілдер қолданылуда. Кейінгі жылдары бұл бағытта компьютерлік техника мен технологияның тез дамуына байланысты жаңа сандық тұрғыдан жүргізілетін есептеу тәжірибелері қолданыс таба бастады.

Жалпы жағдайда үлгідегі немесе жүйедегі стационарлық емес үшөлшемді жылуөткізгіштік үдерістерінің математикалық моделін мынандай дифференциалдық теңдеу түрінде беруге болады [3]:

$$\frac{\partial \mathrm{T}}{\partial \tau} = a\nabla^2 \mathrm{T}, \qquad (1)$$

мұндағы Т– температура; τ- уақыт; $a = \dfrac{\lambda}{c\cdot\gamma}$ - температураөткізгіштік коэффициент (λ - жылуөткізгіштік коэффициент, c - меншікті жылусыйымдылық , γ - үлгінің тығыздығы), $\nabla^2\mathrm{T} = \dfrac{\partial^2 T}{\partial x^2} + \dfrac{\partial^2 T}{\partial y^2} + \dfrac{\partial^2 T}{\partial z^2}$ (x, y, z - координаталар).

Ал бірөлшемді үдеріс үшін бұл теңдеу былай жазылады

$$\frac{\partial \mathrm{T}}{\partial \tau} = a\cdot\frac{\partial^2 \mathrm{T}}{\partial x^2}. \qquad (2)$$

Классикалық пішіндегі моделдік үлгілер үшін (шексіз пластина, шексіз цилиндр, шар) жылуөткізгіштік теңдеуі мынандай түрге ие болады:

$$\frac{\partial T}{\partial \tau} = a\left(\frac{\partial^2 T}{\partial x^2} + \frac{\Gamma}{x}\frac{\partial T}{\partial x}\right), \qquad (3)$$

мұндағы Г-пішіндік коэффициент, тұрақты шама, пластина үшін $\Gamma = 0\ (x \equiv x)$; шексіз цилиндр үшін $\Gamma = 1\ (x \equiv r)$; шар үшін $\Gamma = 2\ (x \equiv r)$.

Біздің жағдайымызда шексіз пластиналардағы стационарлық емес жылуөткізгіштік үдерісін, яғни бірөлшемді есепті қарастырайық. Сандық зерттеулер жүргізу үшін жылуөткізгіштік теңдеуінің (2) анық немесе анық емес айырымдық схемалары алгоритм ретінде қолданылады.

Анық айырымдық схеманы (2) теңдеудегі дербес туындыларды жуықтап шектік айырымдармен ауыстыру арқылы былай жазамыз [4]:

$$\frac{T_i^{k+1}-T_i^k}{\Delta\tau}=a\frac{T_{i+1}^k-2T_i^k+T_{i-1}^k}{\Delta x^2}, \tag{4}$$

мұндағы: Δx -координата бойынша қадам; $\Delta\tau$ -уақыт бойынша қадам; T_i^k - τ (k) уақыт сәтіндегі температура; T_i^{k+1} - $\tau+\Delta\tau$ (k+1) уақыт сәтіндегі температура.

Бұдан белгілі бір ($k+1$) уақыт сәтіндегі жазық үлгінің қалыңдығы (x) бойынша і -ші нүктесіндегі температура мәндері үшін мынандай алгебралық теңдеу аламыз:

$$T_i^{k+1}=T_i^k+\frac{a\ \Delta\tau}{\Delta x^2}\left(T_{i+1}^k-2T_i^k+T_{i-1}^k\right). \tag{5}$$

Анық-айырымдық схемаларды қолдану кезінде уақыт бойынша қадамның ($\Delta\tau$) мүмкін болатын мәндері шектеулі және ол координата бойынша қадам (Δx) мен зерттелетін материалдың температураөткізгіштік коэффициентіне тәуелді, бұл тұрақтылық шарты деп аталады:

$$\frac{a\ \Delta\tau}{(\Delta x)^2}\le\frac{1}{2} \quad \text{немесе} \quad \Delta\tau=0{,}5(\Delta x)^2/a. \tag{6}$$

Ал, $\Delta\tau\succ\frac{(\Delta x)^2}{2a}$ болғанда, көрсетілген айырымдық схема тұрақсыз болады да теңдеудің дұрыс шешімін алу мүмкін болмайды.

Сандық зерттеулерді анық емес айырымдық схема бойынша жүргізу барысында мұндай шектеулер орын алмайды. Анық емес айырымдық схема былай жазылады

$$\frac{T_i^{k+1}-T_i^k}{\Delta\tau}=a\frac{T_{i+1}^{k+1}-2T_i^{k+1}+T_{i-1}^{k+1}}{\Delta x^2}. \tag{7}$$

Жоғарыда айтылғандай, алынған айырымдық схемаларды компьютер көмегімен есептеу тәжірибелерін жүргізу мақсатында алгортим ретінде қолдана аламыз.

Жұмысты жүргізудің әдіс-тәсілдері мен мысалы. Әуелі жылутасымалдау үдерістерін белгілі жағдайларда есептеу тәжірибелерін жүргізу арқылы зерттеу үшін нақтылық шарттарын анықтап алу керек. Мысал ретінде мынандай нақтылық шарттарын беруге болады. Бұл шарт бойынша зерттелетін үлгінің физикалық қасиеттерін, біздің жағдайымызда материалдың температураөткізгіштік қасиетін білу қажет.

Физикалық шарттар тобы. Мысалы, зерттеу мақсатында кварц шынысы алынды делік. Онда зерттеу нысаны ретінде алынған кварц шынысынан жасалған үлгінің температураөткізгіштік коэффициенті: $a=1{,}42\cdot10^{-4}см^2/мин$ [5].

Геометриялық шарттар тобы. Зерттелетін жазық пластина пішіндегі шыны үлгілердің симметриялы үдеріс жағдайында оның қалыңдығының жартысы қарастырылады: d=2R; d=2см; d=4см; d=6см.

Шеттік шарттар тобы. Бұл мынандай екі шарттан құралады:

Известно, что при радиационных воздействиях меняется ближний порядок, а также конфигурация сегрегации на границах зерен, блоков и кластеров [2]. Полученная экспериментальная зависимость $Fi(xCu)$ и $\Delta F_i(_xCu)$ для облученных материалов обусловлена, вероятно, радиацонно – стимулированным перераспределением атомов Ni и Cu на границах кластеров ближнего порядка и границах фаз γ_1 и γ_2. Одновременно не исключается влияние образовавшихся под действием облучения электронами точечных дефектов, в основном, вакансий, так как межузельные атомы достаточно быстро уходят к стокам и, вероятно, сегрегируют на границах кластеров фаз γ_1 и γ_2. Минимальное значениеаннигиляционных параметров после облучения электронами наблюдается у чистого никеля. В дальнейшем параметры Fi и ΔF_i синхронно возрастают до концентрации 17,5ат.%Cu, после чего наблюдается их снижение. Если учесть, что концентрациярадиационных вакансий (как центров захвата позитронов) во всех облученных сплавах примерно одинакова, то изменения параметровF_i и ΔF_i, вызванные с соответствующим изменением количества центров захвата позитронов, либо их эффективности, определяются не только изменением конфигурационного состава атомов в окрестности ловушек позитронов, но и локальной концентрацией свободных электронов в окрестности этих ловушек.

Выше концентрации 21 ат.% Cu в сплаве аннигиляционные параметры F_i и ΔF_i изменяются асинхронно, что, вероятно, связано с развитием кластеров ближнего порядка. При этом конфигурация атомов на границах кластеров ближнего порядка такова, что изменяются локальные электронные состояния. Одновременно претерпевает изменение характер взаимодействия позитронов с электронами в окрестности ловушек. Увеличение параметра ΔF_0 при одновременном уменьшении Fi связано и изменением вероятности аннигиляции позитронов с электронами ионного остова.

Таким образом, радиационно-стимулированная сегрегация атомов Ni и Cu в исследованных сплавах, а также образование и развитие кластеров ближнего порядка происходят как за счет образования избыточного количества вакансий, созданных в результате облучения электронами, так и за счет процессов радиационно-стимулированной диффузии в структуре сплавов, приводящих к уменьшению энергии активационных процессов перемещения атомов.

1. Diens G.I. The effects of radiation on materials. New – York. Chapman Hall. LTO. London. 1958.
2. Шалаев А.М. Радиационно – стимулированные процессы в металлах. – М: Энергоатомиздат. -1988. – 176 с.
3. Chyrko L.L., Chyrko V.J., Chyrko E.U. at al.//J.Nucl. Mater. - 2000. -279, P.162.

4. Конов Ю.И., Астраханцев С.М., Лифшиц Б.Г. //Физ.мет.и металловедение. – 1966.-26.-С.66.
5. Даниленко Б.А., Круликовская М.П., Петренко П.В. и др. //Украинский физический журнал. -1978.-23.-С.397.
6. Быстров Л.Н., Платов Ю.М. //Докл. АН СССР.-1969.-185, №2. –С.30.
7. Барабаш О.М., Коваль Ю.Н. Структура и свойства металлов и сплавов. Кристаллическая структура металлов и сплавов. – Киев: Наукова думка. -1986. 598 с.
8. SmithJ. //Physica. -1955. -21. P.877.
9. Allison F.E., Pugh E.M. //Phys. Rev. -1956. -120. –P.1281.
10. Foner S. //Phys. Rev. -1956. -101. -P.1648.
11. Dutta S.K., Subarahnnagam A.V. // Phys. Rev. -1969. -117. –P.1133.
12. Dekhtyar I.Ja. // Pys. Let. C.-1974. –P.243.
13. Аморфные металлические сплавы. Позитроны и электроны в аморфных сплавах //Немошкаленко В.В., Романова А.В., Ильинский А.Г. и др. – Киев: Наукова думка. 1987. -248 с.
14. Мукашев К.М. Физика медленных позитронов и позитронная спектроскопия. – Алматы. 2011. 534 с.

Работа выполнена при поддержке гранта Ректора КазНПУ им. Абая.

ӘОЖ 373.5.016.02:004.92 (574)

Ж.Н. Оразбеков, Қ.Ж. Сабыраев, Е.Т. Тойшыбек

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БЕЙІНДІК ОҚЫТУ МЕН ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*(Абай атындағы ҚазҰПУ, *-магистранттар)*

Бұл мақалада автор 12 жылдық білім беру жүйесінің артықшылықтары мен қазіргі кездегі ақпараттық технологиялардың дамуының белсенділігінің артуы мен олардың қоғам салаларына тереңінен енуі жалпы білім беретін мектептерге бейіндік оқытуды талап етуін сөз етеді. Мектептің білім беру мақсаттары мен құндылықтарын, оның жаңа бағыттарын жаңаша түсіну жеке оқу пәндерінің маңыздылығын бағалауға, оқу жоспары құрылымына баска қырынан қарауды көздеп отыр.

В данной статье автором рассматриваются достижения и развития современных информационных технологий в 12 летней системе обучения и их внедрение в отрасли общеобразовательных школ. Описываются цели и ценности понимания новых понятий оценивание индивидуальных учебных предметов в новом направлении в общеобразовательных школах и рассматривание учебного плана в новом направлении.

In this article examined an author achievement and development of modern information technologies in a 12 summer departmental teaching and their introduction in industries of general schools. Aims and values of understanding of new concepts are described evaluation of individual educational objects in new direction in general schools and consideration of curriculum in new direction.

Түйін сөздер: Тұлға, бейіндік оқыту, білім
Ключевые слова: Знание , профильное обучение, личность
Keywords: Education, specialized teaching, person

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі халықаралық стандарттар деңгейінде сапалы білім беру, өйткені мемлекеттің жалпы дамуы әлемдік деңгейде танылуы халықтың білімділігіне, дәлірек айтқанда, өскелең ұрпақтың білімділігіе негізделеді.

Бұл қазіргі уақытта әлемде білім берудің барлық түріне көзқарас өзгеруде. Білім беру саласы қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының жетекші факторы ретінде қарастырылуда. Мұндай тәсіл Қазақстан қоғамының маңызды құндылығы мен негізгі креативті әлеуеті жеке тұлға болып табылатындығымен түсіндіріледі, ол өз бетімен ізденіп, жаңа білім меңгеруге, қиын мәселелердің шешімін тауып, оны дер кезінде қабылдауға, инновациялық идеялар жасауға қабілетті, сондай-ақ, өзінің ерекше талдау жүргізе алатын қабілеттілігімен, икемді, сындарлы ойлау қабілетімен ерекшеленуі тиіс. Европа Кеңесінің Декларациясына сәйкес, әлемдік практикада 12-жылдық орта білім беру әлемнің 136 елінде танылып, оның 35 пайызы 10-11 жылдық толық орта білім беруді жалғастыруда. Қазақстан Республикасы Лиссабон конвенциясына қол қойып, Европалық білім беру кеңістігімен интеграцияланудың құқықтық негізін жасады. Бұл жалпы орта білім беру деңгейінде мектепте 12-жылдық оқытуға көшумен сипатталады.

Жалпы орта білім берудің 12-жылдық жүйесіне көшудің артықшылықтары: негізгі білім берудің көлемі бір жылға көбейіп, соның есебінен оқушылардың жүктемесі азайады, жаратылыстану бағытындағы пәндерден зерттеу-эксперименттік тапсырмаларды орындау уақыты ұлғаяды, сызықтық бағыттағы курстардан концентрлік курстарға көшу, орта мектепте саралап оқытуды жүзеге асыруға баса назар аударылады.

Жас ерекшелік психологиясы тұрғысынан, жоғарғы сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті сипатын анықтайтын, өзін-өзі анықтау қажеттілігі болып табылатын, жасөспірімді дамытудың жаңа кезеңі ретінде сипаттауға болатындығын ескерген маңызды. Аталған дамыту кезеңінде көптеген оқушылар үшін оқу іс-әрекетінің негізгі ішкі түрткісі іс жүзінде мағыналы нәтижеге бейімделуі және оқушылардың оларға деген қызығушылықтары жоғары болып табылатын, тапсыратын пәндердің өзіндік тізімін ұсынатын, жоғары оқу орындарына түсуге дайындалуы болып табылады.

«Жалпы білім берудің жоғарғы сатысында бейіндік оқыту тұжырымдамасының» негізгі міндеті *«еңбек нарқының шынайы қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқытуды жекешелендіруге және оқушыларды әлеуметтендіруге бағытталған мамандандырылған дайындау (бейіндік оқыту) жүйесін бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру мекемелері бар мектептің жоғарғы сатысында бейінді оқытудың икемді жүйесін жасауды»* дамыту болып табылады [1].

Оның басты міндеттерінің бірі мыналар:

- оқушылардың АКТ-құзырлылығын қалыптастыру;
- «Мектептерді ақпараттандыру» моделін білім беру мекемелері іс-әрекетінің ең маңызды мазмұндық бағыттары ретінде жүзеге асыру;
- білім беруді басқару жүйесінің бірыңғай ақпараттық - білім беру ортасын құру;
- білім беру үдерісінің субъектілері (оқушылар мен олардың ата-аналары, педагогтар мен білім беру мекемелері) үшін білім алу траекториясының көп нұсқаларын және оны таңдау еркіндігін дамыту;
- мектепшілік бейіндеу, ұйымдастырудың желілік және дистантты формалары сияқты бейіндік оқытудың түрлі модельдерін енгізу;
- Интернет желісінің нормативті, құқықтық, анықтамалық, кітапханалық және басқа да ақпараттық ресурстарына кеңінен қол жеткізуді ұйымдастыру және т.б [2].

Сонымен, бейіндік оқыту – оқушылардың икемділіктері мен мүмкіндіктерін толығырақ ескеру, сонымен қоса жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби қызығушылықтарына сәйкес оқыту үшін жағдай жасау мүмкіндігін беретін, білім беруді саралау және жекешелендіру құралы болып табылады. Бейіндік оқыту, тұлғаны қалыптастырудың негізгі принциптерінің бірі болып табылатын, саралау құралдары арқылы әр оқушының танымдық сұраныстары мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға, мүмкіндіктері мен икемлідіктерін дамытуға бағытталған.

Оқытуды саралаудың теориялық негіздерін қалыптастыруда жетекші орынды психологиялық-педагогикалық зерттеулер алады. Олардың арасынан іс-әрекетті ізгілендіру мәселелері бойынша Б.Г. Ананьева [2], А.Н. Леонтьева[3], Б.Ф. Ломова [4], Г.И. Щукина [5] және басқалардың, білім алушыларды ізгілендіру сипаты бойынша саралау мәселелері бойынша (А.А. Бодалев [6], А.Н. Леонтьев [7]) жұмыстарын, іс-әрекеттің жеке-тұлғалық сипаттамалары бойынша (К.М. Гуревич [8], С.Л. Рубинштейн [9]), білім алушылардың оқу материалдарын қабылдау мүмкіндіктері (Д.Н. Богоявленский [10], И.В. Дубровина[11], З.А. Калмыкова[12],) және т.б. бойынша жұмыстарды атап өтуге болады.

Оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттіліктеріне байланысты оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістерінің көп нұсқалылығы мектептің барлық кезеңдерінде, бірақ әсіресе мектептің білім беру жүйесінің жоғары сатысында аса маңызды болып табылады. Бұл ең алдымен, оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне негізделеді. Оқытудың жоғарғы сатысы – бұл жас өспірімнің өзіне ересек ретінде қарай бастайтын жеткіншек шағы. Бұл жаста жас өспірімнің қызығушылықтары анықтала, қабілеттіліктері айқындала бастайды және болашақ кәсіби іс-әрекет саласына деген бағыты қалыптаса бастайды. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының көбі (70% астам) басты пәндердің негіздерін ғана, ал мамандану үшін таңдалатын пәндерді тереңірек игеруді қалайды [1].

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде бейіндік оқытудың пайда болуының тағы бір маңызды себебі, оқуға түсу сынақтарынан өтуі үшін және ары қарай білім алуы үшін оқушыларды дайындайтын, жаппай репетиторлықтың жүргізілуі, жоғарғы оқу орындарының ақылы дайындық курстарының және т.б. пайда болуы болып табылады.

Осыған байланысты, бейіндік оқытуға өту үдерісі келесі мақсаттардың жүзеге асуына бағытталған:

- толық жалпы білім беру бағдарламасының жеке пәндерін терең игеруді қамтамасыз ету;
- кең және икемді мүмкіндіктері бар жоғарғы сынып оқушыларын оқытудың мазмұнын елеулі саралау үшін және оқушылардың өздерінің жеке білім алу бағдарламаларын құруы үшін жағдай жасау;
- түрлі категориядағы оқушылардың барлығының, өздерінің қабілеттіліктері, икемділіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес, толыққанды білім алуына теңдей қол жеткізуіне мүмкіндік туғызу;
- оқушылардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге мектеп түлектерін даярлау [1].

Бейіндік оқыту мынадай екі құжатқа сәйкес жүзеге асады:

1) жалпы білім берудің мемлекеттік стандарты – жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумын, білім алушылардың оқу жүктемесінің максималды көлемін, білім беру мекемелерін бітірушілердің дайындық деңгейін анықтайтын нормалар мен талаптар, сонымен қоса білім беру үдерісін қамтамасыз етуге (оның ішінде оның материалдық-техникалық, оқу-зертханалық, ақпараттық-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз етілуіне) қойылатын негізгі талаптар сипатталатын құжат;

2) базистік оқу жоспары – нақты пәндерді игеруге кететін оқу уақытының үлестірілуін (сағат көлемін, жылдар бойынша ұзақтылығын) анықтайтын құжат. Бұл құжат өзгермейтін инвариантты және вариативті бөліктерден тұрады. Вариативті бөлігінде тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ететін білім беру салалары белгіленген [11].

Оқытуды бейіндеудің кез келген формасы инвариантты компоненттің қысқаруына, яғни бейіндік емес пәндердің оқу материалдарының салыстырмалы қысқаруына алып келеді. Бұл, ең алдымен, жеке пәндерді тереңірек оқытатын үйреншікті мектеп модельдерінде барлық цикл пәндері емес, бір-екі пәндердің терең игерілетіндігіне байланысты. Бейінді оқыту деңгейін қамтамасыз ететін, оқу пәндерінің түрлі комбинациялар жүйесі оқу курстарының келесі типтерінен тұруы керек: базалық жалпы білім беретін, бейінді және элективті.

Базалық жалпы білім беретін пәндер барлық оқыту бейіндеріндегі оқушылардың барлығы үшін міндетті болып табылады, оларға: математика, тарих, орыс және шет тілдері, дене шынықтыру, сонымен қоса қоғамтанудың (жаратылыстану-математикалық, технологиялық және басқа мүмкін бейіндер үшін), жаратылыстанудың (гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және басқа мүмкін бейіндер үшін) интегралданған курстары жатады.

Бейіндік жалпы білім беретін оқу пәндері - әрбір нақты оқыту бейінінің бағытын анықтайтын, федералдық компоненттің жоғарғы деңгейдегі оқу пәндері. Физика, химия, биология пәндері жаратылыстану ғылыми бейінінің; ал «Әдебиет», «Орыс тілі» және «Шет тілі» - филологиялық бейіннің; «Қоғамтану», «Құқық», «Экономика» және т.б. - әлеуметтік-экономикалық бейіннің бейіндік оқу пәндері болып табылады және т.с.с. [1].

Оқу пәндерінің көрсетілген екі типінің мазмұны мемлекеттік жалпы білім беру стандартының федералды компонентін құрады. Сонымен, мектепте бейіндік білім беруді жүзеге асыру бір жағынан жоғарғы сынып оқушыларының жеке қызығушылықтарын, қабілеттіліктерін, икемділіктерін ескере отырып, оқушыларға өздерінің бар күшін болашақ мамандық алу үшін қажет пәндерді терең игеруге бағыттау мүмкіндігін береді, екінші жағынан аталған оқытуды жүзеге асыру бейіндеу үдерісіне кедергі келтіретін бірнеше факторлармен байланысты.

Бейіндік оқытуды енгізу мәселелеріне, ең алдымен, нормативті-құқықтық базаның тез өзгеруі және олардың тым ортақ сипаты, ұсыныс құжаттардың әр түрлі жазылуы, қажет әдебиеттердің (бұл әсіресе элективті курстар бойынша әдебиеттерге байланысты) жеткіліксіз болуымен байланысты болып келетін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі, бейіндік оқытуға мұғалімдерді дайындау мәселесі және т.б. жатады. Бейіндік оқытуды енгізу мұғалімге мынадай нақты талаптар қояды: бейіндік сыныптардың білім беру мазмұнындағы өзгерістер туралы нақты түсініктердің болуы, білім беру технологияларындағы өзгерістер туралы түсініктің болуы, бейіндік оқытудың нормативті қамсыздануы және оқу-әдістемелік қамсыздану туралы түсініктін болуы, оқушыларды бейіндік дайындаудың бағалау критерилерін білу.

Бейіндік мектептің мұғалімі мыналарды қамтамасыз ету керек:

- білім беру үдерісінің тұлғалық бейімделуін (жеке білім беру траекторияларын жобалау) және вариативтілік;
- интерактивті, іс-әрекеттік компоненттердің енуіне байланысты білім беру үдерісінің практикалық бағытын (жобалық-зерттеушілік және қатынастық әдістерді меңгеру);
- жоғарғы сынып оқушыларының өздерінің кәсіби орнын ақытауын аяқтау және сәйкес кәсіби білім беру саласында білімін жалғастыру үшін қажет қабілеттіліктер мен құзырлылықтарды қалыптастыру [11].

Бейіндік оқытуды жүзеге асыру барысында педагогтар мынадай қиыншылықтарға кездескен:

- нормативті-құқықтық базаны білмеу, бейіндік оқытудың мақсаттары мен міндеттерін түсінбеу;
- бейіналды дайындық пен бейіндік оқытуды жүзеге асыру мақсаттары, міндеттері мен құралдарындағы айырмашылықты түсінбеу;
- бейіндік білім беру мазмұнын және оның оқу-дидактикалық және әдістемелік қамсыздануын толық білмеу;
- жобалау біліктіліктері жоқ, яғни мұғалімдер базалық, бейіндік немесе элективті курстарды жобалауға, көрсетілген курстарға адекватты мақсаттар қоюға, оның мазмұнын құрастыруға қиналады;
- оқушының өз орнын анықтау, өзін-өзі жетілдіру және өзінің беделін арттыру үдерістерін, бейіндік және кәсіби бағытын, оның «Мен-бейнесін» қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін психологиялық білімдердің жеткіліксіздігі;
- әдістемелерді білмеу және қолжетімді диагностика жасай алмау;
- кеңінен тараған педагогикалық технологияларды білім беру үдерісінде пайдалана алмау;
- базистік оқу жоспары деңгейінде белгіленген жобалар әдісінен, зерттеу іс-әрекетінен, оқу практикаларынан тұратын белсенді оқыту әдістерінің жеткілікті арсеналының болмауы;
- оқушылардың субъектілі тәжірибесін пайдалану және өзіндік білім алу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтетін оқытудың интерактивті әдістерін, мультимедиа және интернет-технологияларды білім беру үдерісіне енгізуге мүмкіндік беретін компьютерлік сауаттылықтың төмен болуы.

Аталған мәселелерді шешудің бірден бір әдісі ретінде мұғалімдердің құзырлылықтарын арттырумен байланысты көптеген әр түрлі курстар бола алады. Сөйтіп, мұғалімдерді бейіндік курсты оқытуға дайындау мұғалімдерден де, бейіндік оқытуды ұйымдастырушылардан да көп еңбек пен күш жұмсауды талап етеді. Бейіндік оқытуды енгізу бойынша, әсіресе оқу үдерісін психологиялық сүйемелдеу тұрғысынан туындаған қиындықтар оқушылардың өзін де тыс қалдырған жоқ.

Бейіндік деңгейде білім алуға кірісе отырып, оқушылар олар үшін жаңа болып табылатын, өзгерген жұмыс көлемі мен ойлау әрекеттерінің сипаты, жаңа әлеуметтік орта, жаңа жұмыс түрлері, жаңа сабақтар жүйесі сияқты жағдайларға енеді. Аталған факторлардың жиынтығы көптеген жасөспірімдерде эмоциялық жайсыздық және осының салдарынан, дұрыс шешім қабылдауға қиындық тудыратын ішкі сақтық пен шиеленіс жағдайын тудырады. Ұзақ психологиялық шиеленіс алаңғасарлыққа, тәртіпсіздікке, оқуға ілісе алмаушылыққа, жауапсыздыққа, жылдам шаршау және мектепке баруға деген ынтасының жоғалуына алып келуі мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелердің алдын алу үшін кәсіптік бейімделген сыныпта оқушының бейімделу үдерісіне көңіл бөлу керек және қажет болған жағдайда психологиялық көмек пен түзетулерді дер кезінде беру қажет.

Қорыта келгенде, біздің елімізде қалыптасқан бейіндік оқытудың даму бағыты білім беруді дамытудың әлемдік тенденцияларына сай келеді. Сонымен, бейінмен оқыту мәселесі бүгінгі күн талап етіп отырған білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

1. Левина М.М. К вопросу о теории методов обучения // Новме исследования в педагогических науках. - 1970. - № 1.

2. Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе / Г.И. Щукина. - М.: Просвещение, 1986.
3. Психология и педагогика: Учебное пособие / под редакцией А. А. Бодалева М 2002
4. Леонтьев В.Г. Психологические механизмы мотивации учебной деятельности: Учеб. пособие / В.Г. Леонтьев. - Новосибирск: НГПИ, 1987. .
5. Умственное развитие школьников: Критерии и нормативы / К.М. Гуревич, Е.И. Горбачева. М.: Знание, 1992. -
6. Основы общей психологии: в 2-х т. / С.Л. Рубинштейн. - М.: Педагогика, 1989.
7. Формирование приемов умственной работы как путь развития мышления учащихся / Д.Н. Богоявленский // Вопросы психологии. - 1962.
8. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / Сост. И.В. Дубровина, А.М. Прихожан, В.В. Зацепин. М., 1999.
9. Калмыкова 3. Психологические принципы развивающего обучения // Знание, 1979. - № 5.
10. Бабанский Ю.К.Интенсификация учебного процесса. - М., 1987.; Оконь В.В. Введение в общую дидактику, М., 1990.
11. Мельников М.А. Педагогические основы совершенствования учебных планов средних профтехучилищ. Науч.тр./НИИ содержания и методов обучения АПН СССР. М., 1976
12. Халықова К.З., Қозбекова Г.Ж. Delphi ортасында мәліметтер қорымен жұмыс істеу негіздері.Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Халықова К.З., Қозбекова Г.Ж. Delphi ортасында мәліметтер қорын құруды оқыту. 2009. 130 бет.

ӘОЖ 37.091.3:002

Қ.М. Пашанова, Е.А. Нысанов

«ЕСЕПТЕУІШ ЖҮЙЕЛЕР МЕН ЖЕЛІЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ» ПӘНІ БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚҚА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ДАЙЫНДАУ

(Шымкент қ., М. Әуезов атындағы ОҚМУ)

Мақалада «Есептеуіш жүйелер мен желілерді ұйымдастыру» пәні бойынша зертханалық жұмыстар жасалған және оларды осы пән бойынша электронды оқулық құруда қолдануға болады. Мысал ретінде келесі тақырыптағы зертханалық жұмыстар қарастырылды: «Синхрондық триггерлерді жобалау кестесі» және «Көпфункционалдық регистрлерді жобалау». Зертханалық жұмыстардың мақсаты, теориялық материалдар және есеп беру жұмысы көрсетілген. Триггер және регистрлерді жобалау сызба түрінде бейнеленген. Электронды оқулықты мақсаты мен орындайтын функциялары, техникалық жасақтамаға қоятын талаптары бойынша, қолдану ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөліп көрсеттік.

В статье разработаны лабораторные работы по предмету "Организация вычислительных систем и сетей", которых можно использовать в создании электронных учебников. В качестве примера приведены лабораторные работы по темам: «Таблица проектирования синхронных триггеров» и «Проектирование многофункциональных регистров». Указаны цель, теоретические материалы и работа по отчетности. Проектирование триггеров и регистров представлены в виде схем. Мы показали электронные учебники разделив их на группы по особенностям применения, по требованиям технического оснащения, по целью и по выполняющимся функциям.

The paper designed labarotornye work on the subject "Organization of computer systems and networks," which can be used to create electronic textbooks. As an example, the laboratory work on the following topics: "Table design of synchronous trigger" and "Design of multi-functional registers." Indicate the purpose, theoretical materials and work on reporting. Designing triggers and registers provided in the form of diagrams. We showed electronic textbooks dividing them into groups according to characteristics of the application, according to the requirements of technical equipment for the purpose and the functions performed.

Түйін сөздер: есептеуіш жүйелер, желілер, электрондық оқулық, триггер, регистр.

Ключевые слова: вычислительные системы, сети, электронные учебники, триггер, регистр.

Keywords: computer systems, networks, electronic textbooks, trigger, register.

Қазіргі уақытта әлемде қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейі мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Бүгінде жоғары және үздіксіз білімге деген сұраныстың артуына байланысты білім берудің түрлі мақсаттағы құрылымдары пайда болуда.

Қазіргі кезде негізінен білім жүйесінің барлық сатылары электронды оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулық студент үшін дайын материал. Студенттер үшін электрондық оқулық - жоғарғы оқу орнында оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір студенттің өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

Электрондық оқулық дегеніміз не? Және оның дәстүрлі оқулықтан айырмашылығы неде? Әдетте бұл үйрететін, бақылайтын, модельдейтін және т.б. басқа программалардан тұратын, ДЭЕМ-нің магнитті тасуыштарына жазылған (қатты немесе иілгіш дискілерге) комплект. Ол мынандай жағдайларда өте тиімді болып табылады:

- бұл мезеттік кері байланысты жүзеге асыра алады;
- қажетті ақпаратты тез тауып алуға көмектеседі, әдетте дәстүрлі оқулықта бұл қиындау болып келеді;
- гипермәтіндік сілтемелерді пайдаланғанда уақытты әжептеуір үнемдейді;
- қысқа мәтінмен бірге ол көрсете алады, айта алады, және модельдей алады (осы жерден мультимедиа технологияның артықшылығын байқауға болады), тез, бірақ адамның ерекшлігіне байланысты тиімді темпте белгілі бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік береді.[1]

Электрондық оқулықтарды құру тәсілдерін топтарға бөлуге болады: мысалы мақсаты мен орындайтын функциялары, техникалық жасақтамаға қоятын талаптары бойынша, қолдану ерекшеліктеріне байланысты классификациялауға болады. Көрсетілген критерийлер бойынша келесідей классификациялай аламыз:

- дәстүрлі алгоритмдік тілдер;
- жалпы мақсатты инструментальды тәсілдер;
- мультимедия тәсілдері;
- гипермәтіндік және гипермедиа тәсілдері;

Мен өзімнің «Есертеуіш жүйелер мен желілерді ұйымдастыру» пәні бойынша жасап жатқан электрондық оқулығымда «Зертханалық жұмыстар» деген бөлімін қарастырдым. Зертханалық жұмыстардың саны – сегіз. Соның ішінде екеуін қосып отырмын.

Зертханалық жұмыс №1

Тақырыбы: Синхрондық триггерлерді жобалау кестесі

Мақсаты: синхрондық триггерлік кестесінің ұйымдастыруын анықтау; синхрондық екі қадамды логикалық жобалау әдісін меңгеру;

Теориялық мәлімет: Барлық тәжірибелік сандық құрылғылар байланыстыратын функция кезіндегі ақпаратты сақтайтын функция. Осы құрылғылардың бөлімі- элемент жадысы болып табылады. сандық құрылғыларда ақпаратты сақтау жиі қолданылатын элемент –бұл триггер.

Триггер құрылымын есте сақтау ұяшығында және басқару сурет түрінде көрсетуге болады.



Сурет1 - Триггерлік кестенің құрылымын жинақтау

БК- басқару кестесі;

ЕСҰ – есте сақтау ұяшығы;

E_1E_2- логикалық кірістері;

С- синхрондық кіріс;

S- қондыру кірісі- «1»,R- түсіру кірісі-«0».

Басқару кестесін 1-суретіне қараңдар.

E_1E_2-кірісіне түсетін ақпаратты қайта құру, есте сақтау ұяшығының кіріс сигналына беріледі. кейбір кестелерде триггердің кіріс басқару кестесіне түседі;

Синхрондық кіріс. Триггер жүйесінде кіріс тағы бір т.рі бар. Бұл кіріс- синхрондық сигналға арналған.

Импульстер- бұл кіріс триггерінің ақпарат қабылдауын анықтайды.

Ақпаратты қабылдау кірісі – С синхрондық импультерінің кірісін анықтайды, мұндай тригерлер синхрондық тригерлер деп аталады.[2]

Сондықтан төмендегі триггер келесі қасиеттерге ие: E_1E_2-кірісіне логикалық ақпаратын таситын сигналдар кіреді;

С – импульс кірісі логикалық ақпаратты тасымайды, синхронды сигнал болып есептеледі.

Синхрондық импульске түсетін тек қана кіріс ақпараты триггердің сақтауына беріледі.

Синхрондық тригерлер тәуелді басқару кестесін мыналарға бөлеміз:

- синхрондық триггерлердің статикалық басқару жазылымы;
- синхрондық екі қадамды триггері;
- синхрондық триггерлердің динамикалық басқару жазылымы.

RS – триггер. Синхрондық RS – триггері статикалық басқару жазылымында екі элемент, арқылы (ол ЖӘНЕ және ЕМЕС) қосылады (сурет 2)



t		t+1
S	R	Q
0	0	Q(t)
0	1	0
1	0	1
1	1	X

Сурет 2- Синхрондық RS – триггерлер статикалық басқару жазылымы, оның графикалық белгіленуі және өту кестесі

RS логикалық кіріс сигналының ауысуы. СИ арасында рұқсат. Осы триггердің уақытша диаграмманының жұмысын (3 суретінде көрсетілген).



Сурет 3- RS – триггерінің уақытша диограммалық жұмысы статикалық басқару жазылымы.

$\overline{R}_a$ –кірісімен және $\overline{S}_a$ – 2-2 ЖӘНЕ -2 НЕМЕСЕ –ЕМЕС 4 – суретінде көрсетілген.



Сурет 4- Синхрондық RS – триггері статикалық басқару жазылымы асинхрондық кірістер $\overline{R}_a$ және $\overline{S}_a$ және оның графикалық белгіленуі.

D – триггер. D – триггер бір логикалық кірістен тұрады (үзіліс), әрбәр СИ шығыс жағдайына өтеді.

D- триггер кестесін RS – триггерден алуға болады, егер R кірісіне S кіріс сигналына беріледі. (сурет 5)



а)



t	t+1
D	Q
0	0
1	1

б)



t		t+1
V	D	Q
0	0	Q(t)
0	1	Q(t)
1	0	0
1	1	1

в)

Сурет 5 - Синхрондық D – триггер сатикалық басқару жазылымы

а) логикалық кесте;

б) шарты графиканың белгіленуі D – триггерінің және оның кестесіне өтуі;

в) DV -триггерінің шартты графикалық белгіленуі және оның кестесіне өтуі.

DV –триггері. Егер D –триггеріне кіріс қоссақ, онда V-(Vorentsheidung- алдын ала рұқсат) СИ қоршауы үшін, синхрондық DV –триггерінің статикалық басқару жазылымын аламыз. С және V кіріс триггердің логикалық жұмысын бұзбай ауыстыруға болады. [3]

Тапсырмалар: Берілген алгоритмді листингте case немесе if операторларының көмегімен тапсыруға болады.

Триггерлердің жұмыс істеу алгоритмінің case операторының көмегімен құрылады. Сипаттамасы Листинг1.1 көрсетілген. Оны қолдану үшін А векторлық шамасын енгізу және одан кейін E1 және E2 сигналдарынан құру керек.

Листинг1.1 - Триггерінің case операторын пайдалануы

```
entitytrigger_2 is
port (
      CLR,C,E1,E2: in BIT;
      Q: buffer BIT;
   );
end trigger_2;

architecture trigger_2_arch of trigger_2 is
begin
process (CLR,C)

variable A: BIT_VECTOR (1 downto 0);
begin
  A:= E1 & E2;
if CLR='1'  then Q <= '0' ;
elsifC'eventand C='1' then
case A is
when "00" => Q <= Q;
when "01" => Q <= '0';
when "10" => Q <= '1';
when "11" => Q <= not Q;
end case;
end IF;
end process;
end trigger_2_arch;
```

Листинг 1.2- Триггердің if операторын пайдалануы

```
entity trigger_3_arch is
port (
      R,E1,C,E2: in BIT;
      Q: buffer BIT
   );
endff_4;
architecture trigger_3_arch of trigger_3 is
beginprocess (C)
begin
ifC'event and C='1' then
if  R ='1'  then Q <= '0' ;
elsif  E1='0' and E2='0' then null;
elsif  E1='1' and E2='0' then Q <= '1' ;
```

elsif E1='0' **and** E2='1' **then** Q <= '0' ;
elsif E1='1' **and** E2='1' **then** Q <= **not** Q ;
end if; end if; end process;end trigger_3_arch;

Жұмыстың орындалу дайындығы:

1. Зертханалық жұмыстың сипаттамасын оқу
2. Екі қадамды триггердің құрылымын аралық таблица бойынша синтездеу
3. Триггердің динамикалық басқару жазылу құрылымын берілген жүйесі бойынша теңдеуін құру
4. Триггердің динамикалық басқару жазылымын листингке сәйкес жасау

Жұмыстың орындалу реті:

1. Екі қадамды триггердің схемасын Xilinx Foundation редактор жүйесінде жасалған жобасын іске қосу.
2. Ыңғайлы болу үшін, триггердің схемасына E1 және E2 кірістеріне CB2CE екілік счетчикті қосу керек.



Сурет 6- CB2CE екілік счетчиктің байланысы

3. Екі қадамды триггердің жұмыс істеу моделін жасау
4. Оқытушыға схеманың жұмысын түсіндіру
5. Триггерлік схеманың айырып қайта қосу кідірісін өлшеу
6. Оқытушыға іс соңында есеп беру жұмысын безендірілген түрінде тапсыру

Есеп беру жұмысы. Есеп беруге мыналар жатады:
1) Берілген мәліметтер нұсқалары;
2) Синхрондық екі қадамды триггерлердің құрылымын логикалық синтездеу;
3) Екі қадамды триггердің схемасы және оның шартты графикалық белгіленуі;
4) Синхрондық триггердің динамикалық басқару жазылымының схемасы және оның шартты графикалық белгіленуі;
5) Листингтегі триггердің сипаттамасы
6) Тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері

Зертханалық жұмыс №2

Тақырыбы: Көпфункционалдық регистрлерді жобалау

Мақсаты: Сандық кестенің негізгі түйіндерін бұрын оқу. Олар ығыстыру және регистрлерді сақтау; Көпфункциональдық регистрлерді жобалаудың әдісін меңгеру; Регистрдің экспереметік зертеулерінен эксперименттік зерттеулерінен тэжірибе алу.

Теориялық мәліметтер: Есте сақтау элементтерін ретке келтіріп, ақпаратты сақтауға арналған тізбекті-регистр деп атайды. Регистердің құрылуына триггердің кестесі қолданады. Есте сақтау элементері регистрлерді ең оңай жолымен көшірмейді. Негізгі жұмыста регистр жобалауының жинақталғани микрооперациялары қарастыралды.

Ығыстыру регистрі. Әр түрлі арифметикалық операцияларды орналастыру және ақпаратты ығыстыру түрлері комьютер құрылғыда кеңінен қолданылады. Ығыстыру регистрі триггер схемасын көрсетеді, екеуін біріктіргенде ыңыстыру торы құрылады.

Ығыстыруларда бір немесе бірнеше разрядтар бір мезгілде орындалуы мүмкін. Ығыстырулар k разрядтар кіші разрядты саны және үлкен разрядты саны жағына қолданылады.

Операцияны ығыстыру коды регистрде білдіретін, әрбір триггерде T_iжәне ақпарат сақтау элементін T_{i+k} , осы регистрге жеткізу керек және содан кейін T_{i-k} триггерінен ақпаратты қабылдау керек. (К разрядынан ығыстыруға).

Кейбір жағдайда босатылатын ығыстыру К үлкен (кіші) регистрдің бұрынғы қалпын сақтайды немесе нолдер мен толтырылады, немесе жаңа ақпаратты қабылдайды.

Негізгі қиындық ығыстыру регистрінің құрылу кезінде туындайды, әрбір есте сақтау элементі бір мезгілде ығыстыру орындалуын қажет және келесі разрядқа ақпаратты беру және жаңа ақпаратты алдыңғы разрядтан қабылдау.

Сондықтан ығыстыру регистрінің құрылу кезінде синхрондық триггерлер қолданылады. Ішкі ұйымдастыру мәліметтерін триггер кестесінде қарастырылған екі этапы бар: Ақпарат кірісін қабылдау және тригггердің шығыс сигналын ауыстыру.[4]

Ығыстыру регистрлерінің бір разрядқа өтуі.

7 суретте 4 разрядты кесте ығыстыру Д – триггері бейнеленген. Оң жаққа ығыстыруын орналастыру үшін, і – триггер разрядының Д – триггер кірісін ($i+1$)- біріктіру керек.



Сурет 7- 4 разрядты кесте ығыстыру Д – триггері

Листинг 2.1- Көпфункциональдық регистрлерді теңдігі

```
entity trigger_2 is
port (
CLR,C,E1,E2: in BIT;
Q: buffer BIT;
);
end trigger_2;
architecture trigger_2_arch of trigger_2 is
begin
process (CLR, C)
begin
if CLR='1'  then Q <= '0' ;
elsifC'event and C='1' then
Q <= (E1 and not Q) or (not E2 and Q);
end if;
end process;
end trigger_2_arch;
```

Есеп беру жұмысы

Есеп беруге мыналар жатады:

1. Берілген мәліметтер нұсқалары;
2.Синхрондық екі қадамды триггерлердің құрылымын логикалық синтездеу;
3. Екі қадамды триггердің схемасы және оның шартты графикалық белгіленуі;
4. Синхрондық триггердің динамикалық басқару жазылымының схемасы және оның шартты графикалық белгіленуі;
5. Листингтегі триггердің сипаттамасы;
6.Тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері;

Білім беру саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбектенуге жағдай жасайды.

1. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы. // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. - №2.-2002. - 20-21-Б.
2. Гук А. Аппаратные средства. - Санкт-Петербург:Питер-Пресс,2000. – 375с.
3. Ковригин Б.Н. Триггерные схемы: Ч. 1. Описание и классификация. - М.: МИФИ, 1976.
4. Ковригин Б.Н. Триггерные схемы: Ч. 2. Синтез и анализ. - М.: МИФИ, 1977.

ӘОЖ 37.39:51

Д. Рахымбек, Р. Бекмолдаева, Г. Есахаева

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МАТЕМАТИКАДАН БЕЙІНДІК ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТИВТІК КУРСТАРДЫ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

(Шымкент қ., М. Әуезов атындағы ОҚМУ)

Макалада математикадан элективтік курстарды құрастырудың теориялық негіздері келтірілген. Бейіндік оқытуға арналған элективтік курстарды құрастырудың алғышарттары айқындалған. Математика сабағына қойылатын талаптар келтірілген. Бұл жағдай элективтік курстарды құрастырудың мақсаттарын, сипаттамаларын, функциялары мен түрлерін ерекшелеуге мүмкіндіктер берген.

В статье приведены теоретические основы разработки элективных курсов для профильного обучения математики в старших классах. Определены теоретические предпосылки разработки элективных курсов. Раскрыты особенности разработки элективных курсов по математике. Перечислены требования к урокам математики. Определены цели разработки и приведены различные виды элективных курсов и их функции.

The article presentstheoreticalbasis for the developmentof elective courses forschool educationof mathematics inschool.Definedtheoreticalbackground toelective courses.The features ofthe development ofelective coursesin mathematics.Describes the requirements fora math lesson. The purposesof development andshows the differenttypes ofelective coursesand their functions.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ғылыми-техникалық прогресстің қарқынмен дамуы еліміздегі білім беру жүйесін модернизациялауды талап етуде. Білім беру жүйесін модернизациялау үрдісінің өзектілігі, маңыздылығы білім беру органдарының қызметтеріне, қарамағындағы ұйымдардың іс-әрекеттеріне деген қатаңдықты, талаптылықты күшейтуде және педагогикалық жаңашылдықты құрастыратын жаңа типтік бағдарламалардың жасалуында әрі іске асыруында жатыр. Бүкіл әлемдегі мектеп білімінің қазіргі жағдайы мектеп жүйесін, оқытудың мақсаты мен міндетін, оқыту әдістемесі мен мазмұнын ұйымдастыру бағытында оқыту жүйесін реформалаумен сипатталады. Бұл ұмтылыс бірқатар әлеуметтік және педагогикалық сипаттағы деректерге сүйенеді.

Қазақстан білім беру жүйесінің алдына айқын түрде мақсат қоя білді, ол – ұлттық білім моделін жасау және оның әлемдік білім кеңістігіндегі интеграциясы. Өйткені, қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейі мен даму бағытына тікелей байланысты.

Бүгінгі Қазақстанның білім беру жүйесінің шынайлылығы: әлемдік білім стандарттарымен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың талмай қызмет жасауы, білім жүйесінің дамуының құндылықты тепе-теңдігі, мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржыландырудың көлемі, мұғалім еңбегін ынталандыруды іске асырудың механизмдері, үш ауысымды оқытуды тәркілеу мақсатында жаңа мектептердің құрылысы, жаппай компьютерлендіру, әлемдік стандартқа сәйкес мектепалды даярлық, орта білім, ЖОО, ЖОО-нан кейінгі білім, кадрларды қайта даярлау, шетелдерден білім алудың мүмкіндігі, «Болашақ» бағдарламасы, шетелдік оқытушыларды Қазақстандық білім жүйесіне қатыстыру, бір-бірімен үйлестіру т.б. Бұл мәселелер көптеген құжаттармен және олардың жүзеге асырылуына қатысты жұмыстармен дәлелденген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы «Білім беру» Заңы, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [1], Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы [2], және 12 жылдық білім беру бойынша құжаттар. Бұл құжаттарда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар туғызу қажеттігі көрсетілген. Білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қоғам мен мемлекет, жеке тұлғаның болашақтағы қажеттіліктеріне білім берудің барлық компоненттерін сәйкестендіру және заманауи білім сапасымен қамтамасыз ету керектігі айқындалған.

Еліміздегі білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, оқушыларды бейіналды даярлау және жоғары сыныптардағы бейіндік оқыту Тұжырымдамасында белгіленген мақсаттар мен міндеттер орта мектептің алдына өзінің болашақ қызметінде жетістікке жете алатын бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындау міндетін қойып отыр. Елімізде жеке тұлғаны кәсіби бағытта бейіндік оқыту қолға алынған және ол 12 жылдық білім беру жүйесіне толық көшуге бағытталған жұмыстардан көрінуде.

Психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерде білім мазмұнын саралаудың екі түрі ажыратылады: деңгейлік және бағдарлы. Білім беру жүйесінің көп түрлілігі жағдайында білім мазмұнын саралау проблемасын шешу білім беру жүйесінің дамуына, оның жаңа сапалық деңгейге көшуіне себептесетін болады. Оқушылардың дара ерекшеліктерін, олардың танымдық мүмкіндіктерін, қабілеттіліктерін ескеру мәселесін және сол арқылы оқушылардың білімді әр түрлі деңгейде игеруін жоспарлауды білім мазмұнын деңгейлік саралап оқыту арқылы шешеді [3]. Деңгейлеп саралау оқу материалын оқу қарқындылығының баламалылығы;

оқу тапсырмаларының баламалылығы; оқу іс-әрекеті сипатының баламалылығы; мұғалімнің көмек сипатының баламалылығы арқылы жүзеге асады.

Көптеген әдебиеттерде білім мазмұнын бағдарлы саралаудың мәні «оқушылардың орнықты мүддесі, қабілеттілігі, бейімділігі аясында олардың осы қасиеттерін таңдап алған бағыттарында мүмкіндігінше дамыту мақсатымен мамандыққа бағыттау болып табылады» деп берілген [4, 5].

Бағдарлы саралау оқушыларды салыстырмалы түрде орнықты топтарға біріктіруді және жеке пәндерді білім беру мазмұнымен, оқушылардың білімдері мен біліктіліктеріне қойылатын талаптарымен ерекшеленетін арнайы бағдарламалармен оқытуды ескереді.

Оқытуды саралаудың бұл түрі оқушылардың қызығушылығы, қабілеттілігі және жобаланатын мамандық бойынша жүзеге асырылады. Білім мазмұнын бағдарлы саралау - жоғары сынып оқушыларының бейімділіктері мен қабілеттіліктерін ескере отырып, белгілі бір кәсіби қызмет саласына қызығушылықтарын дамытуға және білімін әрі қарай жалғастыру үшін қажет біліммен қаруландыруға бағытталған бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың құралы мен шарты. Бағдарлы сараланған білім беру оқушылардың өздерінің танымдық қызығушылықтарына, қабілеттілігіне, оқудағы жеткен жетістіктеріне және кәсіптік бейімділіктеріне байланысты олардың оқыту бағдарын еркінше таңдап алуға негізделген. Тоқмурзаева У. бағдарлы саралау компоненттеріне оқушының жас ерекшелігін, қабілеттілігін, оқудағы жетістігін, бейімділігін, ата-анасының тілегін, таңдаған мамандыығын жатқызады [3].

Еліміздегі бейіндік оқытудың қазіргі жағдайын талдаудан келесі қорытындыға келдік:

- Отандық педагогика бейіндік оқытуды оқыту мәселесімен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарымен бастап айналыса бастаған.

- Бейіндік оқыту бағдарламаларын іске асыратын мектептер бейіндік мектептер деп аталады. Оның қабырғасында бір бейін бойынша да, бірнеше бейін бойынша да білім беру іске асады, яғни бір бейінді немесе көпбейінді мектептер болады. Негізгі бейіндердің саны көп болмауы тиіс.

- Жалпы білім берудің жоғарғы сатысындағы бейіндік оқытудың концепциясы келесідей: 1) жаратылыстану-математикалық; 2) әлеуметтік-экономикалық, 3) гуманитарлық; 4) технологиялық.
- Бейіндік білім беруге қатысты тұжырымдама, кейбір нормативті құжаттар құрастырылған.

Білім мазмұнын бағдарлы саралаудың негізгі өлшемдерінің біріне мектепте білім берудің негізін құрайтын ғылым негіздері зерделенетін пәндер, яғни саралауға «пәндік» тұрғыдан қарау жатады. Бұл жағдайда оқыту бағдарына қарай накты оқу пәні түрлі функцияларды атқара алады:

–жалпы мәдениеттің негізін қалауы;

–оқушыларды арнайы дайындығындағы негізгі пән бола алуы;

–басқа білім салаларымен қарулану үшін қажетті құрал ретінде көрініс табуы.Пәндік салалар бойынша білім мазмұнын бағдарлы саралау нақты мектеп тәжірибесінде кеңінен өріс алуда.

Математика мектептегі негізгі пәндердің бірі болып табылады, сондықтан оны бейіндік сыныптарда оқыту өзіндік ерекшеліктерге ие болуы тиіс. Өйткені диалектикалық дүниені түсіну үшін оқушылардың әлемге көзқарастарын қалыптастыруда математиканың алатын орны ерекше. Математика пәнін оқып-үйрену арқылы әлемдік көріністердің математикалық модельдерін құрастыру, алға қойған мәселенің шешілуіне қажетті заңдылықтар мен ережелердің, ұғымдар мен пайымдардың қолданысы іс жүзінде орындалады. Осы мәселелерге қатысты қазіргі кезде елімізде математиканы бейіндік оқыту жұмыстары жүргізілуде. Алайда орта мектептерде бейіндік оқытудың әдістемелік жабдықталуы төмен деңгейде, әсіресе бейіндік оқытудың вариативті компоненті болып табылатын элективтік курстар, олардың әдістемелік қамтамасыздығы әлі күнге шешімін таппай отыр.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау вариативті компоненттің оқу курстары қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер назарынан тыс қалғанын және олардың негізгі пәндерге қатысты ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде ескерілмегендігін көрсетеді. Бұл мәселенің теориялық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде негізделмеуі мектеп тәжірибесінде вариативті компоненттің нәтижелілік деңгейінің төмен болуына алып келуде.

Қазіргі кезде бейіндік оқытудағы элективтік курстардың алатын орны, жоғары сыныптардағы бейіндік оқытудың қағидалары мен элективтік курстарды құрастырудың жалпы талаптары келтірілген зерттеулер бар.

Элективтік курстар – мектептің жоғары сатысында оқыту бейіні құрамына енетін, 9-сыныпта оқушылардың алдын-ала таңдауы бойынша 10-11 сыныптарда оқытылатын міндетті курстар. Элективтік курстар оқу жоспарының мектептік компоненті есебінен іске асады және екі түрлі қызмет атқарады:

1) оқушының таңдауы бойынша негізгі бейіндік пәндердің оқытылуы;

2) бейінішілік мамандандаруды іске асыруға және оқушылар үшін жекелей білім беру траекторияларын құрастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, элективтік курстардың келесідей типологиясы ұсынылады:

1.Бейіндік курстың толықтауышы ретіндегі элективтік курстар. Бұл жағдайда мұндай толықтырылған бейіндік курс толыққанды тереңдетілген болады, ал ол оқытылатын мектеп (сынып) жеке оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын дәстүрлі арнайы мектепке айналады.

2.Берілген мектепте (сыныпта) оқытылуы минималды жалпы білім беру деңгейінде жүргізілетін базистік курстардың бірінің мазмұнын дамытатын элективтік курстар. Бұл:

а)көршілес оқу пәндерінің бейіндік деңгейде оқытылуын ұстап тұруға;

ә)қызыққан оқушыларған өздерінің дүниетанымдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, қосымша дайындық алуға, мысалы, таңдалған пән бойынша бейіндік деңгейде ҰБТ тапсыруға дйындалуға мүкіндік береді.

3.Элективтік курстардың үшінші типі оқушылардың жекелей адам іс-әрекеті саласы (кейде таңдалған бейін шегінен шығатын) бойынша дүниетанымдық қызығушылықтарына негізделген.

Математикадан элективтік курстарды құрастыру бойынша Ресейлік әдіскер ғалымдар біршама жұмыстар атқарған, оларды еліміздің мектептерінде қолданып та жатыр, ал қазақ тілінде оқитын мектептерге арналған математикадан элективтік курстар жоқтың қасы. Сондықтан да, жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту үшін математиканың элективтік курстарын құрастырудың теориялық негіздерін айқындау - өзекті мәселе болып отыр.

Жалпы айтқанда, бейіндік оқытудың дидактикалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілерінің дербес мәселелері зерттелген. Математикадан элективтік курстарды құрастыру және оларды оқу үдерісіне енгізуге қажет оқу-әдістемелік кешендер даярланбаған, математикадан құрастырылған элективтік курстардың көбінің тек бағдарламасы ғана келтірілетінін, кейде тек оқулық шығарумен шектелетіндігін айту керек.

Математиканы бейіндік оқытуға арнаалған элективті курстар оқушылардың математикаға деген тұрақты қызығушылықтарын қалыптастырады, математикалық қабілеттіліктерін одан әрі дамытады, кәсібіне бағытталғандықты күшейтеді деп күтілуде. Математикамен байланысты кәсіптерге бағыттау, сол кәсіпке сәйкес ЖОО-на түсуге даярлау, ЖОО-да сәтті оқу, алған математикалық білімдерін, ғылым мен техниканың әртүрлі салаларына математикалық әдістердің қолданылуы мүмкіндіктерін пайдалануда математиканың элективті курстарынан (оқу арқылы) бастау алады.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді оқып үйрену және талдау негізінде жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытуға арналған элективті курстарды құрастырудың теориялық негіздері анықталды:

- адам дамуының жандүниесіне қатысты оң өзгерісі, жеке тұлғаның қызығушылығы, оның эрудициясының қалыптасуы, ойлаудың жалпыланған тәсілдерінің дамуын жиынтық түрінде қарастыратын білім берудің жаңа парадигимасы;
- жеке тұлғаға бағдарланған оқыту;
- оқытудың компоненттік және іс-әрекеттік тәсілдері;
- жалпы білім алу бағдарламасын құрастыруды икемді және кең мазмұнды тұрғыда құрастыру және онда деңгейлеп саралауды ескеру;
- жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастық.

Элективтік курстарды құрастырудың теориялық негіздерін зерттеу бізге математиканы жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытуға арналған элективтік курстарды құрастырудың мақсаттарын, сипаттамаларын, функциялары мен түрлерін ерекшелеуге мүмкіндік берді.

Математика ғылымының өзіндік бейнесі математиканы оқу пәні ретінде қарастырғандағы оның мазмұнынан белгілі бір мөлшерде көрініс табады. Математика дидактикасында «математика сабағы» әдістемелік ұғымына мынадай сипат-белгілер жиыны сәйкес келеді:

-әрбір сабақта белгілі бір білім беру және тәрбиелеу мақсаттары жүзеге асырылады;

-мақсат-міндеттер нақты оқу материалын қарастыру арқылы шешіледі;

-лайықты оқыту әдістері таңдап алынады;

-сынып ұжымы белгілі бір түрде жұмысқа жұмылдырылады.

Осы сипат белгілерді ескере отырып, математика сабағына қойылатын қажетті талаптар келесі түрде тұжырымдалады:

1. Сабақта басты дидактикалық мақсат болады. Математика сабағының басым көпшілігінде бір емес, әр түрлі құрамда бірнеше оқу мәселелерін шешу көзделеді. Оқу мақсаттардын ішінде әрқашан біреуін басшылыққа, негізге алып, қалғандарын соған бағындыру қажет болады.
2. Сабақ барысында білім беру міндеттерімен қатар тәрбиелік мақсаттарды орындау. Оқыту ең әуелі өзінің мазмұны – факторлар мен оларды түсіндіру арқылы тәрбиелейді. Бұл тұрғыда негізгі мақсат оқылатын материал мен оқу үрдісін оқушыларды келешекке деген көзқарас пен сенімге тәрбиелеу үшін жоспарлы түрде пайдалана білу болып табылады. Тәрбиенің бұл жалпы мақсаты өзара байланысқан көптеген дербес тәрбиелік міндет-мақсаттарды орындау арқылы жүзеге асырылады. Бұлардың ішіндегі ең зәрулері математикаға деген қызығушылықты тудыру немесе дамыту, оқушының оқуға деген қажеттілігі мен мүдделілігін ояту және олардың көмегімен ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Мұндай қасиеттер оқушыларға өзінен-өзі дарымайды. Бұл мұғалімнің ұзақ және жоспарлы жұмысының нәтижесі болады.
3. Сабаққа оқу материалын негіздеп іріктеу. Сабақтың мазмұнын таңдап алу кездейсоқ нәрсе емес, ол жан-жақты байыптауды, негіздеуді қажет ететін дидактикалық әрекет.
4. Сабақта оқушылардың білім алу белсенділігін қамтамасыз ететіндей оқыту әдістерін қолдану.

5. Сабақты ұйымдастырудың анықтығы. Жоғарыда қарастырылған 1-4 талаптарды бұлжытпай орындау сабақтың анық және ұйымшылдықпен өтуіне толық жағдай жасайды. Мұның үстіне сабақты бұлай ұйымдастыру мынадай қажетті шарттарды орындағанда ғана мүмкін болады: мұғалім сабақ материалдарын жетік біледі; әрбір кезекті мәселенің әдістемесін, оны оқытудың бірнеше әдістерін біледі және оқыту үдерісіне қолданатын құралдарды таңдай алады.

Сабақ берудің практикасы үшін сабаққа қойылатын талаптарды ғана біліп қою жеткіліксіз болады, оған қоса бұл шарттарды әртүрлі нақты жағдайларға сай ақылмен рационалды түрде қолдана білу аса қажет.

Заманауи математиканы оқытуда математикалық негізгі мазмұндық құрылым басшылыққа алынады. Сондықтан, математиканың білім берудегі және жалпы білім беретін мектептегі мақсаттарының бірі оның мазмұндық құрылымын тиімді құрастыру болып табылады[1]. Қазірдің өзінде заманауи алгебра мәселелерін, оның ішінде алгебралық құрылымдарды оқып үйренуге бағытталған элективті курстар кеңінен қолданылуда.

Математиканы бейіндік оқытудың негізгі мақсаттары:

- математика пәнін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету;
- білім беру мазмұнын саралауды жүзеге асырдың алғы шарттарын құрастыру;
- оқушының мүмкіндігін, жеке басының қасиеттерін, қажеттіліктерін және ебдейлігін ескеріп оларға сәйкес толыққанды білім беруге тең қолжетімділікті тағайындау;
- жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, оқушыларды әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту;
- мектеп бітірушіні жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасын еркін игеріп кетуге тиімді түрде даярлау.

